

Шәкірттер
марапатталып,
ұстаздар ұлықталды



2-бет

Кішкентай жүректің
тоқтаусыз соғуына
себепші



3-бет

Футболдың
жаңа дәуірі



8-бет

Әлеуметтік көмектің әділетті өлшемі

Әлеуметтік саясаттың ба-
сты өлшемі – көмектің шын
мұқтаж жанға жетуі. Мемле-
кет басшысы Қасым-Жомарт
Тоқаев та бұл мәселеге бір-
неше мәрте назар аударып,
өз Жолдауында әлеуметтік
тұрғыдан осал азаматтарға
қолдау көрсету маңызды
міндет екенін қадап айтты.
Сонымен қатар, Президент
атаулы әлеуметтік көмек
нақты мұқтаждыққа қарай
берілуі қажет екенін атап
өтті. Демек, бүгінгі әлеумет-
тік қолдаудың негізгі бағы-
ты – жәрдемақы тарату ғана
емес, отбасының жағдайын
жан-жақты бағалап, оны
қиындықтан шығаратын
нақты тетік ұсыну. Аймақта
да бұл бағытта атаулы әле-
уметтік көмек, көпбала-
лы отбасыларға арналған
төлемдер, балаларға қосым-
ша қолдау, кәсіптік оқыту,
мемлекеттік грант, субсиди-
яланған жұмыс орындары
және отбасын әлеуметтік
сүйемелдеу бағытындағы іл-
кімді істер ілгерілеп келеді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпбалалы отбасылар көбейді, АӘК алушылар азайды

Облыстық жұмыспен қамту-
ды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының
мәліметінше, өңірде 18 303 көп-
балалы отбасы тұрады. Былтырғы
осы кезеңде олардың саны 16 612
болған. Демек, бір жыл ішінде
көпбалалы отбасылар саны 1 691
отбасыға артыпты.



Ал, атаулы әлеуметтік көмек
алушылар саны керісінше төмендеп
келеді. 1 мамырға дейін облыста
572 отбасы, яғни 2 638 адам АӘК
алған. Бұл мақсатқа 127 млн. теңге
бағытталған.

Салыстырып, зер салса, 2023

жылы облыста 2 086 отбасы атау-
лы әлеуметтік көмек алса, былтыр
бұл көрсеткіш 1 422 отбасыға, 2025
жылы 993 отбасыға дейін төмен-
деген. Басқарма мамандарының
түсіндіруінше, 2023 жылдан бері
АӘК алушылар саны жыл сайын

орта есеппен 30 пайызға қысқарып
келеді. Бұл азаматтардың табысы-
ның өсуі, еңбекке орналасуы және
мемлекеттік қолдау шараларының
жүзеге асуымен байланыстырыла-
ды.

Бұл жерде бір жайтты ескер-

ген жөн. АӘК алушылар санының
азайы әлеуметтік қолдауға мұқтаж
отбасы мүлде жоқ дегенді білдір-
мейді. Керісінше, бұл жүйенің
жүзеге асуымен байланыстырыла-
ды. Бұл жерде бір жайтты ескер-



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

белсенді шаралармен ұштасып
келе жатқанын көрсетеді.

АӘК кімге беріледі?

Атаулы әлеуметтік көмек отба-
сының нақты мұқтаждық деңгей-
іне қарай тағайындалады. Яғни,
көпбалалы болу – АӘК алуға авто-
матты түрде негіз емес. Бұл көмек-
ті алу үшін отбасының жан басына
шаққандағы орташа табысы бел-
гіленген шектен төмен болуы керек.
Өтініш түскен кезде отба-
сының құрамы, табыс мөлшері,
тұрғылықты жері, еңбекке қабілетті
мүшелерінің жұмыспен қамту ша-
раларына қатысуы, мүлдіктің жағдайы
және басқа да деректер есепке
алынады. Қажет болған жағдайда
учаскелік комиссия отбасының ма-
териалдық-тұрмыстық жағдайын
зерделейді.

АӘК алатын отбасылардағы 1
жастан 6 жасқа дейінгі балаларға
қосымша төлем қарастырылған. Бү-
гінге дейін облыста 820 бала осын-
дай қосымша төлеммен қамтылып,
оған 14,6 млн теңге бөлінген. Был-
тыр бұл төлем 1 422 балаға тағай-
ындалып, жалпы 58,8 млн теңге
төленген.

Сонымен қатар, өңірде жер-
гілікті бюджет есебінен де бірқатар
көмек түрі қарастырылған.

► 5-бет

Халық игілігіне бастар жол

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды басымдықтардың бірі ретінде әділ бәсекелестік қағидаттарын қалыптастыруды, ішкі сауданы дамытуды, отандық өндірушілерді қолдауды және азаматтардың құқықтарын қорғауды тұрақты түрде назарда ұстап келеді.

Осы міндеттер аясында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қарағанды об-
лысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті жүйелі жұмыс жүргізіп
келеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында департамент басшысы Абзал
Жұпарұлы 2026 жылдың алғашқы бес айындағы қызмет қорытындыларын жариялап, аймақтағы сауда
саласының жай-күйі, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, мемле-
кеттік бақылау және отандық өндірушілерді қолдау бағытында атқарылған жұмыстар туралы кеңінен ба-
яндады.



ЗАҢ
БАҒАНЫ
ТҰРАҚТАНДЫРУ

ЗАҢДЫ САҚТАУ

ТҰТЫНУШЫ
ҚҰҚЫҒЫН
ҚОРҒАУ

Сурет: ЖИ



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Әділ сауда һәм тұтынушы құқығын қорғау

Департамент басшысы Абзал
Жұпарұлының айтуынша, ведомство
қызметінің мақсаты – ішкі сауданы
дамыту, адал сауда қағидаттарын ор-
нықтыру, тұтынушылардың заңмен
қорғалған құқықтарын қамтамасыз
ету.

Соңғы жылдары тұрғындардың
құқықтық сауаттылығы айтарлықтай
артып келеді. Бұған азаматтардың өз
құқықтарын қорғау мәселелері бой-
ынша мемлекеттік органдарға бел-
сенді жүгінуі дәлел.

2026 жылдың басынан бері облыс
бойынша Сауда және тұтынушы-
лардың құқықтарын қорғау депар-
таментіне 1409 өтініш келіп түскен.
Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі
1063 өтінішпен салыстырғанда 24,6
пайызға көп.

► 2-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың
II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда.
Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар,
мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар –
бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының
барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі,
33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда
ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR
арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті
редакциясында
баспа бағасы бойынша
(жеткізу қызметтерінің құнына)
баламалы жазылу жүргізіледі.

Шәкірттер марапатталып, ұстаздар ұлықталды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ Елдік нышанына – ерекше ықылас

Облыс әкімдігінде пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларының жеңімпаздарымен «Сарыарқа мақтанышы» атты кездесу өтті. Аймақтың намысын республикалық және халықаралық деңгейде қорғап жүрген дарынды оқушылар бір алаңға жиналып, білім мен ғылымға бет бұрған жаңа буынның әлеуетін танытты.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жас өрендерді жетістіктерімен құттықтады. – Кіл мықты жастар бір алаңға жиналып отыр. Қазіргі заманда білім мен ғылым – мемлекеттің басты бағытын айқындайтын ең негізгі өлшем. Бәсекеге қабілетті болудың түп негізі де сапалы білім мен терең ғылымда. Жаңашыл идеяларыңыз Жаңа Қазақстанның берік іргесін қалайтынына сенеміз. Алтын ұя мектептеріңде аяулы ұстаздарыңыздан алған тәлімнің арқасында көк байрағымызды жаһандық аренада желбіретіп, ел намысын абыроймен қорғап келесіздер. Алдағы уақытта да республикалық және әлемдік додаларда биік белестерді бағындыра беріңіздер, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. Жыын барысында аймақ басшысы оқушылармен еркін пікір алмасты. Жастар өз ұсынғандарын ортаға салып, келешекте білім, ғылым, технология және шығармашылық салалары арқылы өмір дамуына үлес қосуға ниетті екендіктерін жеткізді. Салтанатты жиында пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларының, халықаралық роботтехника және ин-

новациялық технологиялар жарыстарының жеңімпаздары ақшалай сыйақылармен марапатталды. Олардың қатарында «INFOMATRIX ASIA–2026» халықаралық инновациялық технологиялар байқауының, «RoboCup 2025» халықаралық роботтехника жарысының, «FIRST Championship 2026» халықаралық чемпионатының жеңімпаздары бар. Атап айтқанда, «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушылары Ямин Сейфуллина мен Максим Бормин халықаралық роботтехника жарыстарында жоғары нәтиже көрсетсе, «Озат» ақпараттық технология мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушысы Мансұр Ноғай «INFOMATRIX ASIA–2026» байқауында I орын иеленді. «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқу-

шысы Акбар Еркемов «FIRST Championship 2026» халықаралық чемпионатында топ жарды. Сонымен қатар, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың жеңімпаздары да марапат төрінде көрінді. Нығмет Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушысы Сырым Амантай, Қаныш Сәтбаев атындағы гимназиясының оқушысы Ямин Габдуллин, №1 «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Сәтбаев Асқар республикалық олимпиадада I орынға ие болды. Ал, Қаныш Сәтбаев атындағы гимназиясының оқушысы Евгения Шатохина сыни ойлау және философия бойынша республикалық олимпиаданың жеңімпазы атанды. Ғылыми ізденіс бағыты бойынша да қарағандылық оқушылардың жетістігі жоғары.

«Жамбыл» атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушысы Әнуар Әбдіразақ жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық зерттеу жобалары конкурсының республикалық кезеңінде I орын иеленді. Шет ауданы, Юрий Гагарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Құрманбай Ислам ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадада жеңімпаз атанды. Ал, мамандандырылған музыка мектеп-интернатының оқушысы Диас Қаһарман «Астана – Мерей» ХХІ халықаралық орындаушылар байқауында II орын жүлдесін қанжығалады. – Орыс тілі және әдебиеті пәні өзіме қатты ұнайды. Астанада өткен республикалық олимпиадада аймақ намысын қорғап, жүлделі II орынға ие болдым. Өзім арағидік өлең жазып тұрамын.

Қазір жоғары оқу орнына түсуге дайындалып жүрмін. Сәті түссе, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің филология факультетінде оқысам деген ниетім бар, – деді Астанада өткен республикалық олимпиадада орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша өткен олимпиаданың II орын иегері, Қарқаралы ауданы, Бакты ауылының №21 жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы Нари Сулейманов. Жиында ұстаз еңбегі де елеусіз қалмады. Білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және ел игілігі жолындағы айрықша еңбегі үшін Қаныш Сәтбаев атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Еркем Келмағамбетова мен №1 «Білім-инновация» лицей-интернатының тарих пәнінің мұғалімі Галия Мұқатова «Құрмет» орденімен марапатталды. Сондай-ақ, «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының физика пәнінің мұғалімі Жанар Ақашева және Сәкен Сейфуллин атындағы гимназияның орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бағдат Амангелдинова «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды. Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының география пәнінің мұғалімі Рахым Серік Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жыын соңында жас өрендер аймақ басшысына «Сарыарқа мақтанышы» атты картинаны тарту етті. Туындыда биылғы жылдың жеңімпаз оқушыларының фотосуреттері бейнеленіп, түлектердің туған өлкесіне арнаған жүрекжарды тілектері мен ақ ниеттері жазылған.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Мемлекеттік рәміздер күні құрметіне арналып, Қарқаралыда мерекелік іс-шара өтті.

Еркем БАЛТАШУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атаулы күннің құрметіне жиналған қала тұрғындары мен қонақтарын аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Сайлау Әлиұлы құттықтап, ел бірлігі мен тәуелсіздігінің символы болып табылатын мемлекеттік рәміздердің қай кезде де үлкен рөл атқаратынын атап көрсетті. Мерекелік салтанат үстінде ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, қызмет саласында абыройға бөленіп жүрген бірқатар азаматтарға аудан әкімінің Алғыс хаттарын табыс етті. Мемлекеттік рәміздерге құрметім жоғары. Желбіреп тұрған Көк Туды көрсем, рухым асқақтайды. Ал, реті келгенде Әнуарымызды бала-шағаммен бірге орындаймыз. Жастайынан патриот болып өскенін қалаймын. Сонда, еліне адал қызмет ететін азамат қалыптасады, – дейді қала тұрғыны Мардан Әлжан. Мерекелік концерт бағдарламасында патриоттық әндер шырқалды, өнерпаз қыз-жігіттер жиналған қауымның көңілін көтеріп, шаттық сыйлады. Көк-жасыл қарағай бүркенген Қарқаралының баурайындағы тұғырға орнаған көк байрақ қазақ елінің келешегі кемел екенін паш етіп, маусым айының самалымен асқақтай желбіреп тұрды.

ҚАРҚАРАЛЫ

Халық игілігіне бастар жол

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мамандар мұны халықтың құқықтық мәдениетінің артуымен және азаматтардың өз құқығын қорғауға деген сенімінің күшеюімен байланыстырады. Әсіресе, цифрлық сервистер арқылы жүгіну көрсеткіші айтарлықтай өскен. Атап айтқанда, «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 946 өтініш қабылдана, былтыр бұл көрсеткіш 497 болған. Яғни, электрондық платформа арқылы келіп түскен өтініштер саны шамамен екі есеге артқан. Сонымен қатар, департаменттің сенім телефонына 177 азамат хабарласып, өздерін толғандырған мәселелер бойынша кеңес алыпты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,4 пайызға жоғары көрсеткіш. Ал, жеке қабылдауға келген азаматтар саны 226 адамды құрады. Өткен жылы мұндай қабылдауға 244 адам қатысқан. Мамандардың пікірінше, жеке қабылдау санының азаюы мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы мен электрондық байланыс арналарының қолжетімділігінің артуымен байланысты. Ең бастысы – азаматтардың өтініштері нақты нәтиже беруде. Есепті кезеңде түскен өтініштердің 77,4 пайызы немесе 1091 өтініш бойынша оң шешім қабылданды. Департамент жұмысының тиімділігін көрсетерін тағы бір маңызды көрсеткіш – тұтынушыларға қайтарылған қаражат көлемі. Биылғы бес айда тұрғындарға жалпы сомасы 99,7 миллион теңге қайтарылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен екі еседен астам жоғары. Бұл көрсеткіш азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерінің тиімді жұмыс істеп жатқанын және мемлекеттік орган тарапынан жүргізілген жұмыстардың нақты нәтижесін көрсетеді. – Бүгінде тұтынушылар өз құқықтарын бұрынғыдан әлдеқайда жақсы біледі. Біз үшін әрбір өтініште нақты адамның мәселесі тұрғанын түсіну маңызды. Сондықтан, азаматтардың заңды мүдделерін қорғауға басымдық береміз. Тұтынушыларға қайтарылған қаражат көлемінің екі есеге артуы – жұмысымыздың нәтижелілігін көрсететін маңызды көрсеткіштің бірі, – деді департамент басшысы Абзал Жұпарұлы. Халық пен бизнес субъектілерінің құқықтық сауаттылығын арттыру ма-

сатында департамент заңнаманы түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде. Бұл бағытта азаматтарға олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, кәсіпкерлерге қолданыстағы заңнама талаптары жөнінде кеңестер беріледі. Есепті кезеңде облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында бірқатар ақпараттық материалдар мен телесожеттер жарияланды. Сонымен қатар, халық көп жиналатын орындарда және сауда үйлерінде ашық есік күндері ұйымдастырылды. Мұндай кездесулер барысында тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, құқықтық кеңеске жүгінді. Ал, кәсіпкерлерге заң талаптарын сақтау бойынша түсіндірмелер берілді. Баға тұрақтылығы мен заңнаманы сақталуын бақылау Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу және нарықтағы тәртіпті қамтамасыз ету департаменттің негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларына белгіленген сауда үстемесін асыру фактілері үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 204-4-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Айыппұл мөлшері кәсіпкерлік субъектісінің санатына қарай 5-тен 150 айлық есептік көрсеткішке дейін белгіленген. Ал, заң бұзушылық қайталанса, айыппұл көлемі 10-нан 300 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғаяды. Өткен жылдың соңында қабылданған маңызды шешімдердің бірі – әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары тізімінің кеңейтілуі. 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №362-НҚ бұйрыққа сәйкес, бұл тізбе 19 атаудан 31 атауға дейін ұлғайтылып, 2026 жылғы 4 қантардан бастап күшіне енді. Бұл шара халық тұтынатын негізгі азықтүлік өнімдерінің қолжетімділігін арттыруға, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын бақылау аясын кеңейтуге және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты департамент сауда субъектілері арасында кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тұрақты мониторинг ұйымдастыруда. Жыл басынан бері өткізілген өңірлік комиссияның 39 отырысында баға дина-



микасы, нарықтағы ахуал және әлеуметтік маңызы бар тауарлардың қолжетімділігі мәселелері қаралған. Сонымен бірге, «Шығыс», «Самал» және «Алтын Арба» базарларында арнайы бақылау іс-шаралары ұйымдастырылып, сауда және салық заңнамасын бұзудың бірнеше фактісі анықталып, 21 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Заң бұзушылықтарды жою жөнінде тиісті нұсқамалар берілді. Жалпы алғанда, жыл басынан бері сауда заңнамасын сақтау мәселесі бойынша 115 бизнес субъектісі тексерілсе, оның ішінде, 32 көтерме жеткізуші, 6 супермаркет және 67 шағын сауда нысаны бар. Тексеру қорытындысы бойынша 105 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Заң бұзушылықтардың ішінде әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларына белгіленген сауда үстемесін асырудың 76 фактісі анықталып, 29 жағдайда тауарлардың теңгемен көрсетілген баға белгілерінің сатылғаны белгілі болды. Мемлекеттік бақылау бағытында жүргізілген жұмыстар барысында 7 кәсіпкер-

лік субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 291 938 теңге айыппұл салынды. Бұдан бөлек бір ескерту беріліп, үш заң бұзушылықты жою туралы нұсқама шығарылды. Ал, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары берген нұсқамаларды орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-бабы 3-тармағына сәйкес, сот шешімімен үш әкімшілік құқық бұзушыға жалпы сомасы 1 миллион 35 мың 250 теңге көлемінде айыппұл салынған. – Баға тұрақтылығы мәселесі әр отбасының тұрмыс деңгейіне тікелей әсер етеді. Сол себепті, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасын бақылау жұмысымыздағы маңызды бағыттың бірі. Кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, заң талаптарының сақталуына ерекше назар аударамыз. Әділ сауда қағидаттарын сақтау – тұтынушының да, кәсіпкердің де мүддесіне сай келеді, – деді Абзал Жұпарұлы.

«Сапалы өнім» жобасын әмір еткен отандық өндірісті қолдау Тұтынушыларға сапалы әрі қауіпсіз өнім ұсыну мақсатында облыста «Сапалы өнім» жобасы жүзеге асырылып келеді. Жоба аясында құзыретті мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер бірлесіп жұмыс жүргізуде. Жыл басынан бері азықтүлік өнімдерін таңбалау талаптарын бұзудың 23 фактісі анықталған. Тексеру барысында кейбір сауда субъектілерінің өнімдерді қажетті таңбалау ақпаратсыз сатуға жол бергені белгілі болды. Мұндай жағдайларда тұтынушылар өнімнің құрамы, жарамдылық мерзімі, өндірушісі және басқа да маңызды мәліметтер туралы толық ақпарат ала алмайды. Осыған байланысты санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары тарапынан өнімдерді айналымнан алып қою және кері қайтарып алу бойынша жедел әрекет ету шаралары қабылданды. Сонымен бірге, заң бұзушылықтарды жою жөнінде тиісті нұсқамалар берілді. Қазір анықталған барлық заң бұзушылықтар толық жойылған. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сауда объектілерінде тиісті тауар санаттары бойынша кемінде 30 пайыз отандық өндіріс өнімдері болуы тиіс. Осы жылы департамент, Кәсіпкерлер палатасы, облыс әкімдігі және өңірдегі ірі сауда желілері арасында отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі меморандумға қол қойылды. Ал, 2026 жылғы 1 маусымнан бастап, аймақта отандық өнімдерді ілгерілетуге бағытталған пилоттық жоба іске қосылды. Жоба Қарағанды қаласындағы «Norma» және «Корзина» супермаркеттерінде жүзеге асырылып жатыр. Пилоттық жоба өзінде өнімнің бір түріне – ірімшікке қатысты қолға алынған. Қазақстандық өндірістегі ірімшіктер арнайы визуалды белгілермен және навигациялық құралдармен ерекшеленіп көрсетілген. Бұл отандық өнімдерді дүкен сөрелерінен тез әрі оңай табуға мүмкіндік береді. Жоба аясында мінез-құлықтық тәсілдердің тұтынушылардың таңдауына қалай әсер ететіні де зерттелме. Мамандар бұл тәжірибе жергілікті өнімдерге деген қызығушылықты арттыруға және отандық өндірушілердің нарықтағы үлесін көбейтуге ықпал етеді деп күтуде.

Айжан БЕЙБІТ, ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• ЖОБА

Кішкентай жүректің тоқтаусыз соғуына себепші

Қазақстанда балалар арасындағы туа біткен жүрек ақаулары өзекті мәселенің бірі. Осыған орай, еліміздің өңірлерінде ата-аналардың медициналық сауаттылығын арттыру және жергілікті дәрігерлермен тәжірибе алмасу мақсатында ауқымды жобалар қолға алынды. «Heart Center Foundation» қорының қолдауымен еліміздің бірнеше қаласында ««JÜREK» туа біткен жүрек ақаулары бойынша емделушілер мектебі» жобасы мен арнайы шеберлік сабақтар ұйымдастырылып келеді. Осы маңызды миссиямен аймақтар аралап жүрген «University Medical Center» орталығының балалар кардиологы Әйгерім Жанарқызы балалар кардиохирургиясы мен туа біткен жүрек ақауларды ерте диагностикалаудың маңызын атап отыр.

Бүгінде медицинаның дамығаны соншалық, баланың жүрегіндегі кінәратті ол өмірге келмей тұрып-ақ анықтауға қауқарлы. Маманның айтуынша, бұл бағыттағы ең маңызды кезең – жүктіліктің 18-ші және 22-ші апта аралығы. Дәл осы уақытта жасалатын ультрадыбыстық зерттеу баланың жүрек құрылысын нақты көрсетіп бере алады.

– Егер біз құрсақтағы нәрестеден өмірге қауіп төндіретін өте күрделі жүрек ақауын анықтасақ, ата-анаға мән-жайды ашық айтып, түсіндіреміз. Өкінішке қарай, кейде сәбидің өмір сүруіне мүмкіндік бермейтін ауыр патологиялар кездеседі. Мұндай жағдайда жүктілікті 21 аптаға дейін үзуге кеңес береді. Әрине, түпкілікті таңдау әрдайым ата-ананың еншісінде қалады, – дейді Әйгерім Жанарқызы.

Алайда, егер ата-ана баланы дүниеге әкелу туралы шешім қабылдаса немесе ақауды ота жасап, емдеуге мүмкіндік болса, дәрігерлер тобы босану сәтінде алдын ала дайындалады. Бүгінде перинаталдық диагностиканың арқасында балалардың аман қалу көрсеткіші айтарлықтай жақсарған. Дәрігерлер жүрегінде ақауы бар баланың шет аймақта емес, туа сала шұғыл көмек көрсете алатын, заманауи кардиохирургиялық клиникасы бар ірі қалаларда дүниеге келуін қарастырады. Себебі, кейбір сәбилерге туганнан кейін бірнеше минут ішінде өмірді қолдайтын арнайы препараттар берілуі я болмаса бірден ота жасалуы тиіс.

Кардиолог маман елімізде ата-аналардың туа біткен жүрек ақаулары жайлы сауаты әлі де төмен



екенін жасырмайды. Көптеген аналар жүктілік кезінде қосымша тексерістен өтудің, дәрігер бақылауында болудың маңызын түсінбейді. Ал, баласынан жүрек ақауы табылған жағдайда бұл ақпарат отбасы үшін үлкен соққыға айналады. Қабылдау уақытының шектеулі болуына байланысты емхана дәрігерлері әр ата-анаға мәселенің

мән-жайын ұзақ уақыт түсіндіре алмайды. Дәл осы олқылықтың орнын толтыру үшін құрылған «Емделушілер мектебі» ата-аналарға аурумен қалай күресу керек екенін, отаға қалай дайындалып, одан кейін балаға қалай күтім жасау қажеттігін үйретеді. Біз жоба аясында өңірлерде оффлайн кездесулер өткізіп қана

қоймай, арнайы Telegram канал арқылы онлайн дәрістер оқимыз. Ата-аналар кез келген сұрақтарын қойып, бізден нақты жауап алады. Ең бастысы, бұл көмек – толықтай тегін. Мұндағы мақсатымыз – халықтың медициналық сауатын арттырып, балалардың дені сау болып өсуіне жағдай жасау, – деп атап өтті дәрігер.

Жоба тек ата-аналармен шектелмейді. «Heart Center Foundation» мамандары әр аймаққа барған сапарында жергілікті эхокардиографистер, кардиологтар мен неонатологтарға арнап шеберлік сабақтарын өткізеді. Оларды ультрадыбыстық зерттеу аппараты арқылы жүректің ең күрделі аномалияларын ерте бастан тани білуге баулиды. Жергілікті мамандардың біліктілігін арттыру – балалар өлімін азайтудың бірден-бір жолы.

Бүгінгі таңда бұл жоба Алматы, Ақтөбе, Ақтау және өзге де бірнеше қалаларда сәтті өтті. Статистикаға сүйенсек, туу көрсеткіші жоғары оңтүстік аймақтарда жүрек ақауымен туылатын балалар саны өзге өңірлерге қарағанда жоғары, сондықтан мұндай білім беру жобаларына сұраныс үлкен.

Жүрек ақауы – үкім емес. Ең бастысы – жүктілік кезеңінен бастап жауапкершілік танытып, уақытылы тексерілу. Ерте анықталған кінәрат пен дер кезінде жасалған ем мыңдаған кішкентай жүректің тоқтаусыз соғуына және олардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Айжан БЕЙБІТ,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет автордан

• ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Алдын алған абзал

Сібір жарасына күдіктенген кездегі медицина қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін пысықтауға арналған ведомстволық оқу-жаттығу Қазыбек би ауданындағы «Қалалық алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету орталығы» базасында ұйымдастырылды. Оған санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары, медицина қызметкерлері, Ұлттық сараптама орталығының өкілдері және құқық қорғау органдары қатысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мамандар шартты науқасты қабылдау, оны дер кезінде оқшаулау, алғашқы эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру, зертханалық тексеру үшін қажетті материал алу және биологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтау тәртібін тәжірибе

жүзінде пысықтады.

Сібір жарасы – аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады. Ол көбіне терілік түрде кездескенмен, сирек жағдайда өкпелік немесе ішектік формада өтіп, ауыр сепсисік асқынуларға әкелуі мүмкін. Аурудың негізгі көзі – ауыл шаруашылығы жануарлары. Адам көбіне ауру малды құту, мәжбүрлі сою, ұшаны бұзу, терісін өңдеу немесе жұқтырылған ет және сүт өнімдерін тұтыну кезінде инфекция жұқтыруы ықтимал.

– Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – аса қауіпті инфекцияға күдік туындаған жағдайда жауапты қызметкердің қаншалықты жедел әрі үйлесімді әрекет ететінін тексеру. Аса қауіпті инфекцияларға қатысты ең басты талап – уақыт жоғалтпау. Егер медицина қызметкері алғашқы белгілерді дер кезінде байқап, тиісті алгоритм бойынша әрекет етсе, инфекцияның әрі қарай таралуына жол бермеуге болады. Бүгінгі оқу-жаттығуда бұл дәл осы тізбекті – науқасты анықтаудан бастап, оқшаулау, хабарлау, зертханалық тексеру және эпидемияға қарсы шараларды ұй-

ымдастыруға дейінгі жұмысты пысықтадық. Мұндай дайындық тек медицина ұйымдары үшін емес, бүкіл қала қауіпсіздігі үшін қажет, – делі Қазыбек би ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Әсет Омар.

Жаттығу барысында медицина қызметкерлері шартты түрде сібір жарасына күдік келтірілген пациентті қабылдап, алғашқы тексеру жүргізді. Бұдан кейін мамандар қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, науқасты оқшаулау, байланыста болған адамдарды анықтау және санитариялық-эпидемиологиялық қызметке шұғыл хабар беру тәртібін көрсетті.

Санитарлық дәрігерлердің сөзінше, сібір жарасының ең жиі кездесетін терілік түрінде қоздырғыш адам ағзасына терідегі ұсақ қаражаттар арқылы енеді. Алғашқы белгілердің бірі – теріде қызыл дақтың пайда болуы. Ол кейін карбункулға, яғни, ойық жараға айналуы мүмкін. Өдетте бет, мойын, қол секілді ашық дене бөліктері зақымданады. Ауру дене

қызуының 39-40 градусқа дейін көтерілуімен, жалпы, әлсіздікпен, бас ауруымен, тәбеттің төмендеуімен, жүрек айну және құсу белгілерімен қатар жүреді.

– Сібір жарасының қауіптілігі – оның тез асқynu мүмкіндігінде. Сондықтан, тұрғындар мал өнімдерін тек ветеринариялық бақылаудан өткен орындардан сатып алуы қажет. Белгісіз жерден алынған ет, сүт өнімдерін тұтыну, ауру немесе күмәнді малды сою, терісін өңдеу үлкен қауіп төндіреді. Егер теріде күмәнді жара пайда болып, дене қызуы көтерілсе, адам өздігінен емделмей, бірден медицина ұйымына жүгінуі керек, – делі Қазыбек би ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Салтанат Тулапаева.

Салтанат Сұлтанқызының сөзінше, оқу-жаттығудың өзектілігі де жоқ емес. Эпидемиологиялық мониторинг деректеріне сәйкес, 2025 жылы Қарағанды қаласында сібір жарасының бір жағдайы тіркелген. Ол Жамбыл облысынан келген тұрғыннан анықталған.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Сырқаттың алдын алудың сенімді жолы

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде». Сол секілді тұрғындар үшін скринингтік тексеруден өтудің маңызы зор. Мұны дәрігерлер де ұдайы айтып келеді. Себебі, профилактикалық тексерулер кейбір ауруларды алғашқы белгілері білінбей тұрып анықтауға мүмкіндік береді. Ал, бұл өз кезегінде күрделі емнің, ауыр операцияның және аурудың асқынуының алдын алуға жол ашады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында Қарағанды облысында колоректалды қатерлі ісікке қарсы жүргізілген скрининг кезінде 75 жастағы тұрғынның денсаулығындағы қауіпті өзгеріс дер кезінде анықталды. Зерттеу барысында нәжістен жасырын қан байқалып, пациент қосымша тексеруге жіберілген. Кейін жүргізілген колоноскопия кезінде дәрігерлер бірнеше полиппі анықтады. Олардың бірі көлемі жағынан ірі болып, қатерлі ісікке айналу қаупі жоғары болған.

№3 көпсалалы аурухана мамандары жаңа түзілістерді аз инвазивті эндоскопиялық әдіспен алып тастады. Яғни, науқасқа ашық хирур-



гиялық операция жасалмай, заманауи эндоскопиялық технологияның көмегімен ем жүргізілді. – Эндоскопия саласындағы заманауи технологиялар мұндай түзілістерді үлкен тіліктеніс және жаракаты ауыр операцияларсыз түбегейлі жоюға мүмкіндік береді. Біз ісікті өзгеріске ұшыраған тіндермен бірге толық алып тастаймыз. Бұл қатерлі ісіктің дамуына жол бермей, пациенттің өмір сапасын сақтауға көмектеседі, – дейді эндоскопиялық орталықтың меңгерушісі Индира Хамитова.

Орталық меңгерушісінің мәліметінше, жоғары дәлдіктері

заманауи жабдықтар шырышты қабықтағы болмашы өзгерістердің өзін ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тіндердің құрылымын бірден бағалап, емдеу тактикасын дер кезінде таңдауға жағдай жасайды. Бұл диагностиканың тиімділігін арттырып, ауруды бастапқы сатысында анықтау мүмкіндігін күшейтеді.

Онкологиялық орталықтың мәліметінше, мұндай медициналық көрсеткіштердің саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2024 жылы ойырға дейінгі аурулар мен қатерлі ісіктің ерте сатыларына байланысты 24 ота жасалса, 2025

жылы олардың саны 42-ге жеткен. Ал, биылғы алғашқы төрт айда ғана 35 осындай операция жасалған.

Колоректалды қатерлі ісік әлемде де, елімізде де жиі кездесетін онкологиялық аурулардың бірі. Алайда, дерттің алдын алудың тиімді жолы бар. Ол – скринингтік тексеруден уақытылы өту. Ерте анықталған өзгеріс дер кезінде емделсе, аурудың асқынуына жол берілмейді.

Сурет облыстық Медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметінен

• РЕСМИ

Зейнетақы жинағына талап өзгерді

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының 2026 жылға арналған ең төменгі жеткілікті шегін жариялады. Жаңартылған әдістеме негізінде есептелген жаңа көрсеткіштер айтарлықтай өсіп, азаматтардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігіне тікелей әсер етпек.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа әдістемеге сәйкес, ең төменгі жеткілікті шек мөлшері енді болашақ зейнетақы төлемдерінің нысаналы деңгейіне сүйене отырып есептеледі. Бұл ретте әрбір салымшы үшін көрсеткіш жас ерекшелігіне қарай жеке айқындалады және ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің келтірілген құны негізінде қалыптастырылады. Осыған сәйкес, 2026 жылы 20 жастағы азамат үшін жеткілікті шек 6,67 млн теңгені, 30 жаста – 9,75 млн теңгені, 40 жаста – 13,37 млн теңгені, 50 жаста – 17,59 млн теңгені, ал 60 жаста 22,5 млн теңгені құрайды. Егер зейнетақы шотындағы жинақ көлемі белгіленген межеден төмен болса, қаражаттың бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделу мақсатында пайдалану мүмкіндігі қарастырылған.

Жаңа әдістеме енгізілгеннен кейін ең төменгі жеткіліктілік шегі салымшының жасына қарай 79 пайызға және одан да жоғары деңгейде ұлғайтылды. Ең елеулі өсім зейнеткерлік жасқа жақындаған азаматтар арасында байқалып отыр: бұл санат үшін көрсеткіш кей жағдайда екі еседен астам артқан. Жеткіліктілік шегінің көтерілуі азаматтардың зейнетақы шоттарындағы қаражатты тұрақтылыққа қалуға және оны ұзақ мерзім бойы инвестициялауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде болмақтағы зейнетақы төлемдерінің көлемі де артып, қаржылық тұрақтылығы күшейе түседі.

Айта кетерлігі, бұрнағы әдістеме бойынша болжаланған зейнетақы төлемдері азаматтың орташа жалақысының шамамен 15 пайызы деңгейінде болса, жаңа тәсіл бұл көрсеткішті 40 пайызға дейін жеткізуді көздейді. Осылайша, жаңартылған әдістеме зейнетақы жүйесінің ашықтығы мен болжамдылығын арттыруға, сондай-ақ, халықаралық стандарттарға сәйкес азаматтардың лайықты әрі тұрақты зейнетақымен қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

• ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК

Бизнеске бет бұрған бұрымдылар

Қазір әйелдердің қоғамдағы ролі бұрынғыдан әлдеқайда кең. Бір кездері отбасының ұйытқысы, шаңырақтың берекесін келтіруші ретінде ғана танылған нәзік жандар бүгінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал еткен маңызды күшке айналды. Олар ғылымда, білімде, медицинада, саясатта ғана емес, кәсіпкерлікте де өз мүмкіндіктерін дәлелдеп келеді. Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы – соңғы жылдардағы ең маңызды әлеуметтік-экономикалық құбылыстың бірі. Әсіресе, өңірлерде әйелдердің бизнеске белсенді араласуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына және экономиканың тұрақты дамуына ықпал етуде.



Компакты жасаған Шипар Алашбаева

Соңғы жылдары әйелдердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы артауда. Бұған мемлекеттік бағдарламалардың көбеюі, қаржылық қолдау тетіктерінің жетілдірілуі және қоғамдағы көзқарастың өзгеруі әсер етті. Қыз-келіншек енді тек жұмыс іздеуші емес, жұмыс беруші. Олар тәуекелге барып, жаңа жобаларды қолға алып, өзгелерге үлгі. Бұл үрдіс, әсіресе, Қарағанды облысында анық байқалады.

Қарағанды облысының статистика департаментінің мәліметіне сүйенсек, 2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өңірде 27 855 заңды тұлға тіркелген. Оның 22 793-і белсенді жұмыс істеп тұр. Ал, тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 19 462 бірлікті құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда төмендегенімен, өңірдегі кәсіпкерлік белсенділіктің жоғары деңгейде сақталып отырғанын аңғартады.

Әйелдер басқаратын кәсіпорындар бүгінде экономиканың түрлі салаларында жұмыс істейді. Олар білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету, сауда, өндіріс, ақпараттық технологиялар, ауыл шаруашылығы және әлеуметтік кәсіпкерлік бағыттарында табысты. Бұл өз кезегінде әйелдердің тек белгілі бір саламен шектелмей-

тінін, кез келген бағытта табысқа жете алатынын дәлелдейді. Дегенмен, кәсіпкерлік жолы әрдайым оңай емес. Әсіресе, әйелдер үшін бұл жолдың өзіндік қиындықтары бар. Бір жағынан отбасы мен бала тәрбиесі, екінші жағынан кәсіпті дамыту жауапкершілігі. Көптеген әйелдер бизнесті нөлден бастайды. Қаржылық ресурстардың жетіспеуі, тәжірибенің аздығы, нарықтағы бәсекелестік секілді мәселелер олардың алдынан жиі шығады. Осындай жағдайда мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау ерекше маңызға ие.

Облыста 35 жасқа дейінгі 29 875 дара кәсіпкер тіркелсе, олардың 15 198-і әйелдер. Яғни, жас кәсіпкерлер арасындағы әйелдердің үлесі ер-азаматтардан жоғары. Оның үстіне жұмыс істеп тұрған жас кәсіпкерлердің саны 28 056-ны құрайды, оның 14 245-і – әйелдер. Бұл көрсеткіш жастар арасында кәсіпкерлікке бет бұрған нәзік жандардың белсенділігі артып келе жатқанын көрсетеді. Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда Қарағанды облыстық кәсіпкерлер палатасы мен Іскер әйелдер кеңесінің де атқарып отырған жұмысы ауқымды.

Әсіресе, әйелдер кәсіпкерлігі сауда мен қызмет көрсету саласында айқын байқалады. Статистикаға сәйкес, көтерме және

бөлшек сауда саласында тіркелген жас кәсіпкер әйелдер саны 7 мыңнан асса, түрлі қызмет көрсету бағытында 3 мыңнан астам әйел еңбек етуде. Сонымен қатар, білім беру, кәсіби және ғылыми қызмет, жылжымайтын мүлік операциялары сияқты салаларда да әйелдердің үлесі жоғары.

Қарағанды қаласының өзінде 35 жасқа дейінгі 17 562 кәсіпкер тіркелген болса, олардың 9 061-і әйелдер. Ал, нақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер арасында әйелдердің саны 8 495 адамды құрайды. Бұл қаладағы кәсіпкерлік ортаның әйелдердің бастамалары мен бизнес идеяларын жүзеге асыруға қолайлы екенін аңғартады.

Кәсіпкерлік саласында табысқа жеткен қыз-келіншектің бірі – Гүлмира Түсіпбек. Ол – қаржылық кеңесші, «Кемел жастар» жасөспірімдерге арналған дамыту орталығының негізін қалаушы, University KEMENGER кураторы, КІТ бизнес қауымдастығының резиденті және Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің белсенді өкілдерінің бірі. Сонымен қатар, ол балалар мен ересектерге қаржылық сауаттылықты үйретіп, тұлғалық даму бағытында түрлі жобаларды жүзеге асырып келеді. Оның есімі «300 Қайраткер» кітабына енгізілген. Кәсіпкердің басты

миссиясы – жасөспірімдердің өзіне деген сенімділігін арттыру, қаржылық сауаттылықты дамыту және олардың өмірде өз орнын табуына көмектесу.

Гүлмира Түсіпбектің айтуынша, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы – қоғамдағы оң өзгерістердің айқын көрінісі.

– Бүгінде әйелдер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, қоғам мен экономиканың белсенді қатысушысына айналды. Соңғы жылдары Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігі қарқынды дамып келеді. Көптеген нәзік жандар өз кәсібін ашып, жаңа жұмыс орындарын құрып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Бұл – әйелдердің өз мүмкіндіктерін жүзеге асырып, қаржылық тәуелсіздікке ұмтылуының нәтижесі, – дейді ол.

Кәсіпкердің өзі де мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсібін дамытуға мүмкіндік алған жандардың бірі. Екі жыл бұрын ол Қарағанды облыс әкімінің 1,4 миллион теңге көлемінде қайта дамытуға гранттың ұтып алған. Бұл қаржы «Кемел жастар» дамыту орталығына қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға бағытталған. Нәтижесінде орталықтың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, жасөспірімдерге арналған бағдарламалардың сапасы мен

мүмкіндігі кеңейген.

Оның айтуынша, грантқа қол жеткізудің басты шарты – сапалы дайындалған бизнес-жоспар.

– Мемлекеттік грантқа қатысу үшін идеяның болуы жеткіліксіз. Жобаның тиімділігін дәлелдейтін нақты бизнес-жоспар қажет. Оны арнайы комиссия алдында қорғау керек. Грант жеңіп алғаннан кейін де жауапкершілік артады. Комиссия мүшелері жыл сайын келіп, қаражаттың мақсатты жұмсалып отырғанын тексереді. Сондықтан, мемлекет ұсынған мүмкіндікті тиімді пайдалану маңызды, – дейді Гүлмира Түсіпбек.

Оның пікірінше, бүгінде әйелдерге арналған қолдау тетіктері айтарлықтай кеңейген. Жеңілдетілген несиелер, қайтарымсыз гранттар, оқыту бағдарламалары мен тәлімгерлік жобалар көптеген әйелдердің кәсіпкерлікке келуіне жол ашты.

– Әйелдер бизнестен тартынып, оны жатсынбауы керек. Әрбір жетістік алғашқы қадамнан басталады. Кәсіпкерлік – тек табыс табудың жолы емес, ол қоғамға пайда әкелудің, жаңа жұмыс орындарын құрудың және өз әлеуетінді жүзеге асырудың мүмкіндігі. Әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы өңір экономикасының өсуіне ғана емес, қоғам әл-ауқатының артуына да ықпал етеді, – деп түйіндейді кәсіпкер.

Осындай нақты мысалдар Қарағанды облысында әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы, сауда және әлеуметтік кәсіпкерлік салаларында еңбек етіп, өңірдің экономикалық дамуына елеулі үлес қосуда. Қазақ қоғамында әйел әрдайым отбасының берекесі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі саналған.

Бүгінгі бұрымдылар бизнестің жаңа келбетін қалыптастыруда. Олар батылдық пен жауапкершіліктің, табандылық пен еңбекқорлықтың үлгісі. Қарағанды облысындағы кәсіпкер әйелдердің жетістігі – соның жарқын дәлелі. Мемлекет қолдауы, қоғам сенімі және әйелдердің өз күшіне деген сенімі үйлесім тапқан кезде кез келген идеяның табысты жобаға айналатыны анық.

Диляра ЖАНБЫРБАЕВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• ТУРИЗМ

Балқаш көлінің экожүйесі зерттелуде

Астанада Балқаш көлінің экожүйесін сақтау бойынша мастер-жоспарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының ашық отырысы өтті. Жоба ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі, Францияның даму агенттігі (AFD) және Францияның Геологиялық және тау-кен зерттеулері бюросы (BRGM) арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылып жатыр.

Франциялық сарапшылар жоба аясындағы негізгі бағыттар бойынша жүргізілген зерттеулердің аралық нәтижелерін таныстырды. Қатысушылар ауыл шаруашылығы, гидрология, мұздықтардан келетін ағын үлесін бағалау, гидрогеология, су пайдалану және су ресурстарын бөлу модельдерін әзірлеу бағыттарындағы жұмыстардың қорытындыларымен танысты.

Кездесуде климаттың өзгеруі жағдайында Балқаш көлі бассейнінің су ресурстарын орнықты басқару мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сарапшылар өзен ағынын болжау, мұздықтардан келетін су қорының болашақтағы өзгерістерін бағалау, жерүсті және жерасты суының өзара байланысын зерттеу, сондай-ақ, басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдауға арналған заманауи модельдеу құралдарын пайдалану тәсілдерін ұсынды. Сонымен қатар, су ресурстарын бөлудің түрлі сценарийлерін талдау және бассейндік жоспарларды әзірлеу үшін заманауи цифрлық құралдарды қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Талқылау қорытындысы бойынша сарапшылар әртүрлі бағыттардағы зерттеу нәтижелерін Балқаш көлінің су жинау алабының жағдайын бағалаудың бірыңғай жүйесіне біріктіріп, қосымша зерттеуді қажет ететін басым бағыттарды айқындады. Мастер-жоспарды әзірлеу жұмыстарын аяқтап, оның түпкілікті нәтижелерін ұсыну 2026 жылдың соңына дейін жоспарланып отыр.

Өз тілшімізден

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Ауыл жастарына дем берген

Ауылдағы жас үшін үлкен қалаға қадам басу – мүлде басқа ортаға, басқа ыраққа, басқа талапқа бейімделу деген сөз. Бірі ауылдан шыққанда өзіне сенімсіз болады, бірі кімнен кеңес сұрағын білмейді. Енді бірі бойындағы талантын байқаса да, оны қалай дамыту керектігін түсінбей жүреді. Дәл осындай сәтте жас адамға құр ақпарат емес, тәжірибе, шынайы қолдау, дұрыс бағыт көрсететін орта керек. Қарағанды облысында жүзеге асырып жатқан «Ұлт қазынасы» жобасының құндылығы да осында.

«Ұлт қазынасы» – Қарағанды облысының ауылдық елді мекендеріндегі жастардың әлеуетін арттыруға бағытталған менторлық жоба. Оның басты мақсаты – ауыл жастарының бойындағы қабілетті ашу, оларды өзіне сенімді, ортаға бейім, білімге құштар, қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптастыру. Жоба аясында түрлі салада жетістікке жеткен азаматтар ауылдарға барып, жастармен ашық кездесулер өткізеді. Олар өз өмір жолын, қателігін, жеңісін, кәсіби тәжірибесін бөліседі. Ең маңыздысы – менторлар жастарға жоғарыдан қарап ақыл айтып, керісінше, олардың жанынан табылып, бағыт көрсетеді.

Бұл бастама, ең алдымен, 14 пен 25 жас аралығындағы ауыл жастарына арналған. Яғни, мектептің жоғары сынып оқушылары, колледж студенттері, жоғары оқу орындарында оқып жүрген жастар және еңбек жолын енді бастаған азаматтар қамтылады. Жобаның ерекшелігі – ол ауыл жастарына қаладағы мүмкіндіктерді алыстан көрсетіп қана қоймай, сол мүмкіндіктерге жетудің нақты жолын түсіндіреді. Өйткені, ауылдағы талантты баланың басты мәселесі көбіне қабілетінің жоқтығында

емес, ақпарат пен ортаның аздығында. Біреу актер болғысы келеді, бірақ қайдан бастарын білмейді. Біреу кәсіп ашқысы келеді, бірақ қателесуден қорқарды. Біреу мемлекеттік қызметке қызығарды, бірақ оған қалай дайындалу керектігін түсінбейді. Осындай кезде ментордың бір сөзі, бір кеңесі, бір байланысы жас адамның өмір бағытын өзгертіп жіберуі мүмкін.

Облыстық жастар ресурстық орталығының маманы, жоба үйлестірушісі Азиза Құлметенова жоба бүгінде қарқынды түрде жүзеге асып жатқанын және оған қатысуға ниетті ауыл жастарының қарасы қалың екенін айтты.

– Бүгінге дейін жоба аясында Қарағанды облысының 7 ауданындағы 50-ге жуық ауыл қамтылып, 60-қа жуық көшпелі кездесу ұйымдастырылды. Орта есеппен әр кездесуге 50-60 жас қатысып, жалпы 3000-нан астам жас осы бастаманың әсерін сезініп үлгерді. Бұл – жай ғана статистика емес. Статистикада ауылдан шыққан, арманы биік, сол арманға жетер жолын іздеп жүрген жастар тұр. Әр кездесу – біреудің өзіне сенуі, біреудің алғаш рет сұрақ қоюы, біреудің болашағына нақты жоспар құруы. Менторлар жастармен кәсіпкерлік, мансаптық



даму, көшбасшылық, жеке бренд қалыптастыру, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік қызмет, қоғамдық белсенділік, шығармашылық және өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыс жүргізуде. Бірақ, бұл жерде менторлықтың мәні тек мамандық таңдауға көмектесу емес. Ментор орта табуы, өз ойын ашық айтуы, қорқынышын жеңуді, мақсатқа ұсақ қадамдармен жетуді үйретеді. Әсіресе, ауылдан қалаға оқуға түскен жастар үшін мұндай қолдау аса маңызды. Себебі, үлкен қалада жалғыздық, сенімсіздік, ортаға сіңісе алмау, өзіңді төмен бағалау секілді қиындықтар жиі кездеседі. Ал, менторы бар жас мұндай жағдайда өзін жалғыз сезінбейді. Ол кімге хабарласуға болатынын, кімнен кеңес алатынын, қай бағытта дамитынын біледі, – делі жоба үйлестірушісі.

Тәлімгерлер мен шәкірттер байланысы бір кездесумен шектелмейді. Бұл – жобаның тағы бір маңызды тұсы. Кездесу соңында белсенді қызығушылығы жоғары, таланты байқалған жастар іріктеліп, менторлармен әрі қарай жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Әр ментор бастапқы жоспар бойын-

ша бірнеше ізбасармен жұмыс жүргізуі тиіс болғанымен, биыл жастардың қызығушылығы жоғары болып, кей менторлардың айналдасында одан да көп ізбасарлар жиналған. «Бұл жерде саннан гөрі сапа маңызды» дейді мамандар. Нағыз менторлық – ұзақ мерзімді байланыс, сенім және бағыт беру. Жоба барысында ерекше көзге түскен жастар да бар. Кейбір қатысушылар кәсіпкерлік, әлеуметтік жоба, қоғамдық бастама бойынша өз идеяларын ұсынып, менторлардан нақты кеңес алған. Бірі шығармашылық жолға бет бұрса, бірі

әлеуметтік ортаға қосылып, өзін жаңа қырынан таныта бастаған. Мысалы, ДАТ театрына қосылған ізбасардың кейін актерлік бағытта дамып, көпшілікке таныла бастауы – менторлықтың нақты нәтижесін көрсететін мысалдың бірі. Бұл жерде ментор тек бір адамға көмектесіп отырған жоқ, ол қоғамға жаңа тұлға, жаңа маман, жаңа белсенді азамат қалыптастыруға үлес қосты.

Қазіргі уақытта жобаның көшпелі менторлық кездесулер кезеңі аяқталуға жақын. Келесі кезеңде менторлардың үш бейнесабақ түсіруі жоспарланған. Бұл – жобаның ауқымын кеңейтетін маңызды қадам. Себебі, бейнесабақтар арқылы кездесуге келе алмаған жастар да пайдалы ақпарат алып, менторлардың тәжірибесімен таныса алады.

«Ұлт қазынасы» атауының өзі терең мағынаға ие. Ұлттың қазынасы тек жер қойнауындағы байлық емес, ауылда өсіп жатқан, үлкен арман арқалаған, бірақ, әлі өзіне толық сеніп үлгермеген жастар. Егер сол жастарға дер кезінде бағыт берілсе, олар ертең өз ауылына, өз өңіріне, өз еліне пайдасын тигізетін азаматқа айналады. Менторлар тегін үйретіп, уақытын бөліп, тәжірибесін бөлісіп жүргенімен, олардың еңбегі, тұтас қоғамның дамуына әсер етеді.

Диана ХАДЖАЕВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан

Әлеуметтік көмектің әділетті өлшемі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері мен мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленіп, оқып жатқан балалары бар көпбалалы отбасыларға жылына бір рет 10 АЕК көлемінде төлем беріледі. Биыл бұл сома 43 250 теңгені құрайды.

Бұдан бөлек, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында көпбалалы аналарға және төрт және одан көп кәмелетке толмаған бала тәрбиелеп отырған отбасыларға жергілікті бюджет есебінен 20 мың теңге көлемінде біржолғы төлем беріледі.

Көмек алу жолы қандай?

Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін азаматтар тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығына жүгінеді. Егер елдімекенде Мансап орталығы болмаса, өтініш ауыл, кент немесе ауылдық округ әкімі арқылы қабылданады.

Қазір әлеуметтік көмек рәсімдеу кезінде көптеген мәлімет мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы тексеріледі. Яғни, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын деректер, отбасы мүшелерінің тіркеуі, табыс көлемі, әлеуметтік төлемдер, еңбек қызметі, мүлік, көлік, банктік шоттар, несие, депозит, алимент, оқу, мүгедектік және басқа да мәліметтер электронды жүйелерден алынады.

Әлеуметтік көмек тағайындауда ең басты талап – отбасының нақты мұқтаждық деңгейі. Сондықтан, АӘК алу үшін өтініш беру жеткіліксіз. Отбасының жан басына шаққандағы табысы, еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамту шараларына қатысуы, ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы толық ескеріледі.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының еңбек нарығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағамбетованың мәліметінше, атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартылатын жағдайлар да кездеседі.

Сонымен қатар, еңбекке қабілетті отбасы мүшелері жұмысқа орналасудан немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысудан бас тартса, АӘК тағайындалмауы мүмкін. Бұдан бөлек, құжаттардың толық болмауы, мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі деректермен сәйкес келмейтін мәлімет ұсыну, табысты жасыру, бірге тұратын отбасы мүшелері туралы толық емес немесе жалған ақпарат беру де көмек алуға кедергі келтіреді.

– Әлеуметтік көмекті тағайындауда отбасының нақты табысы мен материалдық жағдайы ескеріледі. Сондықтан, өтініш берушінің ұсынған мәліметтері мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі деректермен салыстырылады. Табыстың жасырылуы немесе отбасы құрамы туралы толық емес мәлімет берілуі АӘК тағайындаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін. Көмек жалпы санатқа емес, нақты жағдайға қарай беріледі. Бір қарағанда отбасы көпбалалы немесе тұрмысы төмен көрінуі мүмкін. Алайда, ресми табыс, мүлік, қосымша кіріс, еңбекке қабілетті мүшелердің жұмыспен қамтуға қатысуы сияқты өлшемдер толық тексеріледі. Бұл қолдаудың шын мәнінде мұқтаж отбасыларға жетуі үшін қажет, – дейді Айнагүл Ермағамбетова.

Жәрдемақидан – жұмысқа

Әлеуметтік көмектің басты мақсаты – отбасын ұзақ уақыт жәрдемаққа тәуелді ету емес. Керісінше, қиын кезеңде демеу болып, кейін тұрақты табыс табуға бағыттау.



Айнагүл Ермағамбетованың айтуынша, егер отбасында еңбекке қабілетті адам болса, ол Мансап орталығы арқылы ұсынылатын жұмысқа, кәсіптік оқуға немесе басқа да белсенді шараларға қатысуы тиіс. Мұндай талап азаматты еңбек нарығына бейімдеуге, жаңа дағды игеруге және отбасының табысын арттыруға бағытталған.

Басқарма дерегіне сүйенсек, облыста әлеуметтік осал топтардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау үшін жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға өтеусіз мемлекеттік гранттар беріледі. Грант конкурсы негізінде тағайындалады. Үміткердің бизнес-жобасы қаралған кезде оның сапасы, әлеуметтік маңыздылығы, бәсекеге қабілеттілігі және жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігі ескеріледі.

Грант алушылар қатарына көпбалалы және аз қамтылған отбасылар, қоныс аударушылар, қандастар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған азаматтар жатады. Биыл Қарағанды облысы бойынша 510 мемлекеттік грант беру жоспарланған. Бір гранттың мөлшері 400 АЕК-ке дейін, яғни, 1 730 000 теңгені құрайды.

Өз ісін бастауға ниетті азаматтар үшін «Бастау Бизнес» жобасының да мүмкіндігі бар. Биыл облыста жоба аясында 2 720 адамды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту көзделген. Бұдан бөлек, жаңа мамандық алу немесе еңбек нарығында сұранысқа ие дағды игеру үшін қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстары ұйымдастырылады. Басқарма өкілінің айтуынша, мұндай курстар жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде оқу ұйымдарында немесе жұмыс берушінің жұмыс орнында өткізіледі. Кәсіптік оқыту ұзақтығы мамандық пен дағды ерекшелігіне қарай 6 айдан аспайды.

Оқу кезеңінде азаматтарға материалдық көмек те қарастырылған. Мәселен, медициналық тексеруден өтуге – 2 АЕК, жол жүруге – 4 АЕК, тұрғын үйді жалдауға – 10 АЕК мөлшерінде қолдау беріледі. Сонымен қатар, шәкіртақы төленеді.

Жұмысшы мамандықтары бойынша дағдыларды дамыту мақсатында «Skills Eпbek» платформасы арқылы онлайн оқыту жүргізіледі. Платформада жұмысшы мамандықтарына арналған курстар, біліктіліктерді тану және WorldSkills бағытындағы оқу материалдары орналастырылады. Сондай-ақ, VR технологияларын пайдалана отырып, практикалық курстар өткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Кімге қандай мүмкіндік бар?

Әлеуметтік қолдаудағы тағы бір маңызды бағыт – жұмыссыз азаматтарды субсидияланған жұмыс орындарына тарту. Бұл әсіресе, еңбек тәжірибесі жоқ жастарға, уақытша жұмысқа мұқтаж азаматтарға, 50 жасқа аяқталған жұмыссыздарға және зейнет жасындағы адамдарға қосымша мүмкіндік береді.

Айнагүл Ермағамбетованың айтуынша, жұмыссыздарды қолдау мақсатында мемлекет субсидиялайтын бірнеше жұмыс орны қарастырылған. Соның бірі – жастар практикасы. Бұл бағдарлама білім беру ұйымдарының түлектеріне алған мамандығы бойынша бастапқы еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Оған оқуын соңғы бес жыл ішінде аяқтаған және жасы 35-тен аспаған азаматтар қатыса алады. Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Ал, жалақы мөлшері 30 АЕК, яғни 129 750 теңге көлемінде белгіленген.

Қоғамдық жұмыстар да уақытша жұмыспен қамтудың бір түрі. Ол кәсіби даярлықты талап етпейтін, бірақ, әлеуметтік пайдалы бағыттағы жұмыстарға азаматтарды тартуға мүмкіндік береді. Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Жалақы мөлшері кезінде 24 АЕК, яғни 103 800 теңгені құрайды.

– 50 жасқа аяқталған жұмыссыз азаматтар үшін «Күміс жас» жобасы қарастырылған. Жоба зейнеткерлік жасқа жетпеген

азаматтарды жұмысқа орналастыруға бағытталған. Оның аясында мемлекет жұмыс берушінің жалақы шығынының бір бөлігін субсидиялайды. Алғашқы 12 айда жалақының 70 пайызы, 13 айдан 24 айға дейін 65 пайызы, 25 айдан 36 айға дейін 60 пайызы мемлекет тарапынан өтеледі. Алайда, субсидия көлемі 30 АЕК-тен аспайды. Жоба аяқталғаннан кейін қатысушыға зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орны ұсынылуы тиіс.

Быттырдан бастап облыста зейнет жасындағы азаматтарға арналған «Алтын жас» жобасы да іске қосылды. Бағдарлама 2025-2026 жылдарға арналған. Оған жасына байланысты зейнетке шыққан азаматтар қатыса алады. Қатысу мерзімі 24 айдан аспайды. Бұл жобадан жалақының кемінде 50 пайызы жұмыс беруші есебінен, қалған 50 пайызы жергілікті бюджет есебінен субсидияланады. Субсидия көлемі бір ең төменгі жалақыдан немесе 85 мың теңгеден аспайды, – дейді Айнагүл Ермағамбетова.

Әлеуметтік көмекке қайда жүгінуге болады?

Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға арналған мемлекеттік қолдау шаралары бойынша толық ақпаратты тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінен, сондай-ақ, қалалар мен аудандардағы Мансап орталықтарынан алуға болады.

Қарағанды облысында азаматтар мына байланыс нөмірлері арқылы кеңес ала алады: Қарағанды қаласы – 8 (7212) 95-55-82, Саран қаласы – 8 (72137) 7-90-77, Теміртау қаласы – 8 (7213) 95-55-55, Балқаш қаласы – 8 (71036) 4-40-61, Шахтинск қаласы – 8 (72156) 3-59-47, Приозерск қаласы – 8 (71039) 5-26-94.

Аудандар бойынша: Абай ауданы – 8 (72131) 4-22-24, 4-67-63; Ақтоғай ауданы – 8 (71037) 2-16-84; Бұқар жырау ауданы – 8 (72154) 2-10-38; Қарқаралы ауданы – 8 (72146) 3-18-99; Осакаров ауданы – 8 (72149) 4-13-74; Нұра ауданы – 8 (72144) 2-26-55; Шет ауданы – 8 (71031) 2-13-38.

Әйткенмен, әлеуметтік көмектің қолжетімділігі тек телефон нөмірімен немесе өтініш беру тәртібімен шектелмейді. Кей жағдайда отбасыға құжат рәсімдеуге, заңгерлік кеңес алуға, психологиялық қолдау табуға немесе бірнеше мекеменің арасындағы байланысты реттеуге көмек қажет. Мұндай кезде Отбасын қолдау орталықтарының қызметі алдыңғы орынға шығады.

Отбасын қолдау орталығы – арадағы көпір

Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасының мәселесі көбіне бір ғана төлеммен шешілмейді. Біріне атаулы әлеуметтік көмек рәсімдеу қажет болса, екіншісіне алимент өндіру, құжат жинау, тұрғын үй кезегіне тұру, жұмысқа орналасу, баланы балабақшаға орналастыру немесе психологиялық қолдау керек. Осындай кезде Отбасын қолдау орталықтарының қызметі маңызды.

Қарағанды қаласының «Отбасын қолдау орталығы» КММ 2024 жылғы 9 ақпанда ашылған. Орталық өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетеді. Негізгі мақсат – отбасын нығайту, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық қолдау көрсету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және осал жағдайдағы отбасыларды сүйемелдеу.

– Орталыққа азаматтар көбіне әлеуметтік көмек, ақырасу, алимент өндіру,

несие бойынша берешек, мүлікті бөлу және психологиялық қолдау мәселелері бойынша жүгінеді. Жыл басынан бері орталық тарапынан 584 отбасыға түрлі көмек көрсетілген. Оның ішінде 160 адам құқықтық көмек алса, 124 адамға психологиялық қолдау көрсетілген. Жұмыспен қамту мәселелері бойынша 60 адамға, әлеуметтік мәселелер бойынша 174 адамға көмек берілген. Сонымен қатар, 175 отбасына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетілген. FSM Social платформасы арқылы 213 сигнал түссе, «111» колл-орталығынан келген сигналдар бойынша 37 адамға қызмет көрсетілген, – дейді Қарағанды қаласының Отбасын қолдау орталығы директорының орынбасары Амина Бажикова.

Орталықта бес әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, бір психолог және екі заңгер қызмет атқарады. Әр маман өз бағыты бойынша жұмыс істегенімен, отбасындағы мәселе кешенді түрде қаралады. Әлеуметтік қызметкерлер отбасының жағдайын бағалап, қажет қолдау түрін айқындайды. Олар мемлекеттік жәрдемақыларға, әлеуметтік қызметтерге, оңалту бағдарламаларына, жұмыспен қамту шараларына немесе өзге де көмек түрлеріне бағыттайды.

Орталық азаматтарға өтініш тапсыру және құжат рәсімдеу бойынша да практикалық көмек көрсетеді. Атап айтқанда, тұрғын үй кезегіне қою, атаулы әлеуметтік көмек рәсімдеу, балабақша кезегіне қою, балалар мен ересектерді үйірмелер мен секцияларға тіркеу, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, мүгедектік анықтау рәсіміне көмектесу, материалдық көмек пен азық-түлік түріндегі демеушілік қолдауды ұйымдастыру бағыттары қамтылған. Барлық қызмет тегін негізде ұсынылады.

– Біздің орталыққа азаматтар өздері келіп жүгіне алады. Мекенжайымыз – Чкалов көшесі, 7 үй, 1-қабат. Сондай-ақ, телефон арқылы байланысуға, «111» байланыс орталығына жүгінуге немесе басқа мекемелер арқылы жолдама алуға болады. Орталыққа өздігінен келе алмайтын немесе орталық қызметі туралы білмейтін отбасылар мектеп, емхана, полиция және әлеуметтік қорғау органдары арқылы анықталады. Мұндай жағдайда FSM Social қосымшасы арқылы сигнал жолданады. Бұл көмекке мұқтаж отбасыға дер кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді, – деді директор орынбасары.

Орталық жұмысының тағы бір маңызды бағыты – профилатика. Азаматтарға консультациялық қызметтердің қолжетімділігін арттыру үшін тоқсан сайын «Ашық есік күндері» ұйымдастырылады. Онда отбасылар бір зетте бірнеше маманның кеңесін ала алады. Алдағы уақытта қамтылатын отбасылар санын арттыру және мобильді топпен шығу жұмыстарын күшейту жоспарланған.

Түйін

Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін қолдау – қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына тікелей әсер ететін маңызды сала. Себебі, мұнда бір ғана отбасының бүгінгі тұрмысы емес, баланың болашағы, шаңырақтың шайқалмай, тұтас қоғамның орнықтылығы қатар жүрмек. Әлеуметтік көмектің мәні де осында. Ол уақытша төлеммен шектелмей тиіс. Мұндай қолдау отбасының өз мүмкіндігін қайта табуына, тұрақты табысқа ұмтылуына, еңбекке араласуына, балалардың қалыпты ортада өсуіне және қиындықты өңсеруіне жол ашқанда ғана нәтижелі болмақ.

Қарағандының киберқалқаны

Бүгінгі таңда қылмыстық әлемнің бейнесі түбегейлі өзгерді. Қасқойлердің қолында бұрынғыдай лом немесе пышақ емес, әлдеқайда «өткір» қару – смартфон мен мессенджерлер тұр. Олар енді қараңғы бұрышта аңдымайды, терезе бұзып үйге кірмейді. Дегенмен, олардың заманауи «шабуылдары» адамдардың жиналған-тергенін жоқ қылып, тағдырын талқандауда. Бір ғана күдікті сілтеме немесе санаулы минуттық сенімсіздік – жүздеген мың, кейде миллиондаған теңгенің қолды болуына себепкер. Бұл қауіптің ауқымы мен онымен күресу жолдары Қарағанды қаласында өткен арнайы брифингте талқыланды.

Брифинг барысында Қарағанды қаласы Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Шахназар Салин және Ново-Майкүдық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Ерлан Мұсабеков интернет-алаяқтықпен күрестің жаңа стратегиясын ортаға салды.

Полковник Шахназар Салиннің пайымдауынша, қазіргі алаяқтар техникалық жүйелерді ғана емес, адамның психологиясын бағындыруға басымдық беретінін баса айтты:

– Алаяқтар әрқашан қысым көрсетіп, адамды асықтырады, қобалжытады. Олар-

дың басты мақсаты – жәбірленушіні дүрбелеңге түсіру. Нәтижесінде, адам барлық шешімді өзі қабылдап тұрғандай күйде, өз еркімен қаражатын немесе құпия деректерін алаяқтардың ұсынысына салып береді», – деп атап өтті басқарма басшысы.

Өз кезегінде, подполковник Ерлан Мұсабеков алаяқтықтың ең көп тараған екі «қармағына» назар аударды.

– Инвестициялық алаяқтық 60%-ды құрайды. Әлеуметтік желілерде өздерін «халықаралық брокер» немесе «қаржы сарапшысы» деп таныстырғандар азаматтарға «тез байыту» уәде етеді. Банктік

фишинг 35%-ды құрайды. Қылмыскерлер банк қауіпсіздік қызметінің атынан қоңырау шалып, «атыңызға несие рәсімделіп жатыр» немесе «шотқа қауіп төнді» деген желеумен құпия кодтарды иемденеді.

Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстармен күресте тек тергеу жұмыстарымен шектелмей, алдын алу шараларын басты назарда ұстап отыр. Қарағанды полициясы қолданып жатқан жүйелердің тиімділігіне тоқталсақ:

1. «Кибернадзор» жүйесі: Полицияның дерегіне, бұл жүйе арқылы 1120 заңсыз сілтеме мен күмәнді интернет-ресурс бұғатталған. Олардың ішінде жалған инвестициялық платформалар мен фишингтік сайттар бар.
2. «Антифрод» жүйесі: Облыстық полиция департаментінің ақпараты бойынша, интернет-алаяқтық белгілері бар 818 инцидент тіркелсе, оның 434-і тек Қарағанды қаласына тиесілі.
3. Жедел тосқауыл: Құқық қорғау органдары мен байланыс операторларының үй-

лесімді жұмысы арқылы тәулігіне үш мыңға жуық күмәнді қоңыраудың жолы кесіледі.

Киберқылмыстың басты ерекшелігі – оның географиялық ауқымдылығы. Қылмыскер Қарағандыда, еліміздің басқа өңірінде немесе шетелде отырып-ақ интернет арқылы «ісін» жүргізе береді. Сондықтан, арнайы құрылған «Киберпол» бөлімшесі өңіраралық деңгейде жұмыс істеуге көшкен.

Жыл басынан бергі бес айдың ішінде оннан астам қылмыстық эпизодқа қатысу бар бес басты фигурант құрықталды, істері сотқа жолданды. Мысал ретінде, «Крыша» платформасы арқылы жалған патер хабарландыруларын жариялап, жеті бірдей азаматты алдап, 400 мың теңгеден астам қаражат иемденген қылмыскердің ісін атап өтуге болады.

Қазіргі таңда алаяқтар жасанды интеллект технологияларын да өз мүдделеріне қолдана бастады. Дауысты көшіру, видеофейктер жасау немесе туыстарының атынан сенімді хабарламалар жазу – қыл-



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

мыскерлердің жаңа арсеналы.

Осы орайда полиция полковнигі Шахназар Салин де, подполковник Ерлан Мұсабеков те профилактика – ең тиімді құрал екенін алға тартады. Бір ай бұрын өткізілген ауқымды акция барысында мыңнан астам полиция қызметкері халық көп шоғырланатын орындарда түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осындай кешенді шаралардың нәтижесінде жәбірленушілерге 30 миллион теңгеден астам қаражатты қайтару мүмкін болды.

Қарағанды тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық замандағы қауіпсіздік – бұл тек полицияның міндеті ғана емес. Ол ең алдымен әрбір азаматтың қырағылығына, сақтығына және интернеттегі ақпараттық сауаттылығына тікелей байланысты. Экранның ар жағында жасырынған қауіпті сезіну және уақтылы сақтық таныту – заман талабы.

Аяулым ЖАНАТОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Жігіттің төресі – жетпісте!

Уақыт – жүйрік. Кеше ғана ел ісінің бел ортасында жүрген азаматтардың самайына ақ қырау түсіп, кейінгі буынға ақыл айтатын ақсақалдықтың асқарына көтерілгенін аңғармай да қаламыз. Алайда, адам ғұмырының ұзақтығы емес, соңында қалдырған ізі мен ел жадында сақталған еңбегі маңызды. Осындай өнегелі ғұмыр иелерінің бірі – бүгінде жетпістің жотасына көтеріліп отырған Қалижан Қазкенұлы.

Мен Қалижан ағамызды Ақадыр кенті әкімінің орынбасары қызметінде жүрген кезінен жақсы білемін. Саналы ғұмырын туған өлкесінің өркендеуіне арнаған азаматтың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тағалымға толы.

Еңбек жолын Көктіңкөлі кеңшарында қарапайым малшы болып бастаған Қалижан Қазкенұлы, жастайынан еңбекпен шыңдалды. Білімге деген құштарлығы оны Жезқазған педагогикалық институтына, кейін Алматы қаласындағы Менеджмент, экономика және болжам институтына алып келді. Комсомол және партия жұмыстарында тәжірибе жинақтап, аудандық деңгейдегі жауапты қызметтерде абырой биігінен көрінді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ел экономикасы үшін аса күрделі кезеңде Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру жөніндегі Жезқазған және Қарағанды аумақтық комитеттерінде қызмет атқарып, шаруашылықтарды жекешелендіру ісіне белсене қатысты. Бұл – ел өміріндегі үлкен өзгерістер кезеңі еді. Сол жауапты міндеттерді атқаруда оның ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі айқын көрінді.

Ал, 2004 жылдан бастап, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Ақадыр кенті әкімінің орынбасары қызметін атқарып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты. Халықпен етене жұмыс істеп, ел мүддесін бәрінен жоғары қоя білді.

Ұзақ жылдарғы адал еңбегі мен қоғамдық белсенділігі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарымен, облыс, аудан және кент әкімдерінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының Ауыл шару-



ашылығы саласының Құрметті ардагері», «Ауылдағы еңбегі үшін» медальдарының, «Аманат» партиясының «Белсенді қызметі үшін», БІҚЖО Орталық комитетінің «Комсомолдағы ерен еңбегі үшін», «Шет ауданының Құрметті ардагері» төсбелгілерінің иегері атанды.

Қалижан Қазкенұлының тағы бір қыры – шығармашылық әлемімен астасып жатқан рухани болмысы. Мемлекеттік қызметтің қарбалас тіршілігіне қарамастан, қолынан қаламын тастаған емес. Оның мақалалары мен очерктері, әңгімелері мен өлеңдері оқырман ықыласына бөленіп келеді. Әсіресе, «Арқадағы мекенім», «Қазақ елім!», «Сары белім – Сарыарқам!», «Абзал жандар», «Сыныптастар», «Ақадырым!», «Ақсарылы вальсі», «Бақытыма жаралғансың» секілді өлеңдеріне жазылған әндер халық арасына кеңінен таралып, туған жерге деген сүйіспеншіліктің көркем көрінісіне айналды.

Бүгінде қаламгердің «Ғасырлар белесі», «Бақыттың кілті еңбекте», «Еңбек – ел ырысы» атты кітаптары оқырманмен қауышу қарсаңында тұр. Сонымен қатар аудандық «Шет шұғыласы» газетінің Ақадыр өңірі бойынша меншікті тілшісі ретінде де жемісті еңбек етіп келеді. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі ретінде өңірдің тыныс-тіршілігін кеңінен насихаттап жүр.

Зейнеткерлікке шыққан соң да қоғамдық өмірден шет қалған жоқ. Ақадыр кентінде мұражай ашу ба-

стамасын көтеріп, оның жүзеге асуына өлшеусіз үлес қосты. Бүгінде мұражай қорында теміржол тарихына қатысты құнды деректер мен ел ішінен жиналған сегіз жүзге жуық тарихи жәдігер сақтаулы. Бұл – бір адамның табандылығы мен туған жер тарихына деген жанышарлығының жарқын жемісі. Демеушілер тауып, елдімекендерді аралап, тарихи мұраларды жинақтау жолында аянбай еңбек еткен Қалижан ағамыздың бұл ісі кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес рухани қазынаға айналды.

Қалижан Қазкенұлының өмір жолына көз жүгірткен сайын адал еңбек пен азаматтық ұстанымның, туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің үлгісін көреміз. Ол – елдің қамын жеген азамат, қаламын серік еткен қаламгер, көпшілік құрметіне бөленген абзал жан.

Жетпіс жас – өмір белесінің биік бір асуы. Осы мерейлі сәтте Қалижан Қазкенұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт тілейміз. Қаламыңыз мұқалмасын, ойыңыз сарқылмасын, ел-жұртыңыздың құрметі мен ықыласына бөленіп, абырой биігінен көріне беріңіз!

Мейрам ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
«Shet shuғыlasы»
газетінің редакторы,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

• ҚҰРМЕТ

Қаламдас досқа тілек

Біреуді біреу «Оны мен жөргектен білемін» деп жатады. Сол сөзді Қалижанға қарата айтудыма толық негіз бар. Ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіріп, аудан орталығы Жаңаарқадағы орта мектепте оқуымды жалғастырған жылдары нағашы әпкемнің үйінде тұрдым. Сол үйдің көршісі Қалижанның ата-анасы еді. Анасы Гауһар апай алыстан келіп оқып жүрген біз секілді ауыл балаларына анда-санда шай ұсынып, аналық мейірімін төгетін. «Ауылдарыңды сағынып жүрген шығарсыңдар» деп бауырына тартып отыратын. Сол мейірім балаларына да дарыған болса керек. Әкесі Қазкен ағамыз да біртоға, қоныр мінезді, сабырлы жан еді.

Жөргектегі Қалижанды 1980 жылдардың басында Ақадыр ауданында қайта жолықтырдым. «Сені жөргектен білемін» деуге ыңғайсыздандым. Қызыл үйдің бір бөлмесінде қызмет істеп жүрген ол әкесі секілді байыпты, салмақты азамат болып қалыптасыпты. Кейін тағдыр жолымыз жиі түйісіп, аралас-құралас болып кеттік.

Қалижан Қазкенұлы әр жылдары Ақадыр ауданы мен кентінің басшылық қызметтерінде болып, облыстық деңгейдегі жауапты жұмыстарды да абыроймен атқарды. Орыс тілін де, қазақ тілін де жетік меңгерген ол іс қағаздарының білгірі атанды. Қызметтің қарбалас тіршілігіне қарамастан өлең жазып, ән шығаруға уақыт тауып жүретін. Мен де жазған дүниелеріне назар аударып, «Қаламыңды қамшылай тұс!» деп жігерлендіріп отыратынмын.

Бүгінде Қалижан Бекқожин есімі облыс жұртшылығына жақсы таныс. Оның очерк, суреттемелерінің кейіпкерлері – қарапайым еңбек адамдары. Бірі – ұстаз, бірі – өнер иесі, енді бірі – кәсіпкер. Қаламгер кейіпкерлерін әсірелемейді де, кемітпейді де. Адам бойындағы асыл қасиеттерді дәл тауып, шынайы бейнелейді. Сондықтан да, оның жазғандары оқырман көңіліне қонады.

Міне, сол інім, досым бүгінде жетпістің желкенін көтеріп отыр. Кешегі бозбала шақтың алыстап, үлкендік дәуреннің келгеніне кейде сенгін де келмейді. Бірақ, табиғат заңы бәрімізді сол белеске жетелейді. Жетпіс – өмірдің асуы ғана емес, парасаттың биігі. Сол бікке алқынбай жеткен Қалижан маған әрдайым ыстық.

Жас ұлғайған сайын адам туған жерін, балалық шағын, қатар өскен достарын көбірек сағынады. Қатарын сиреген сайын сол сағыныштың залмағы да арта түседі. Осындай сәттерде туған топырақ пен сенімді достың орны ерекше. Мен үшін сондай жан-дардың бірі – Қалижан.

Өмірдің қуанышы мен қайғысы қатар жүреді. Қалижан да тағдырдың ауыр сынағын бастан өткерді. Дарынды ұлы Есенкелдінің небәрі он алты жасында өмірден озуы – әке жүрегіне түскен жазылмас жара болды. Сурет өнерінен үлкен үміт күттірген талантты перзенттің мезгілсіз қазасы бәріміздің де қабырғамызды қайыстырды. Әке жүрегі оны күні бүгінге дейін сағынады.

Қалижанның тағы бір ерекшелігі – сабырлығы мен кешірімділігі. Оның біреумен жаға жыртғысып, дауласқанын көрген емеспін. Адамның кемшілігін



түсіне білетін кендігі, пенделілікке кешіріммен қарайтын парасаты бар. Сондықтан да достары көп, дұшпаны аз.

Қалижан Қазкенұлы – ата-бабадан дарыған қазақы болмысты бойына сіңірген азамат. Текті әулеттің тәлімін көріп өскен. Інісі Өмірзақ қажы елге танымал дін қайраткері болса, бауырлары да ел сыйлаған азаматтар. Юржан бауыры мемлекеттік қызметкер, Жаңаарқа ауданының әкімі қызметін абыроймен атқарған. Тағы бір бауыры Қабылда сәнділік өнерімен белгілі. Бұл әулетке тән ортақ қасиет – қоныр мінез, сабыр мен парасат. Сол қасиеттердің бәрі Қалижанның бойынан анық көрінеді.

Байлықтың түрі көп. Менің түсінігімде ең үлкен байлық – мінез байлығы. Осы қасиет Қалижанның бойында молынан бар. Оған қоса өмірден түйген тәжірибесі, жинаған білімі, көрген-түйгені азаматтық келбетін айшықтай түседі. Ана тілінің қадірін терең түсініп, бүгінде қаламын қару етіп, ел өміріндегі жаңалықтардың шежіресін жазып жүргені де соның дәлелі.

Өмір деген осы. Кеше ғана көз алдымызда жүрген ініміз Қалижан бүгін жетпістің асуына көтеріліп отыр. Үлкендік жасы құтты болсын! Алдағы асуларыңыз да абыройлы болғай. Сексен мен тоқсанның белесіне де аман-есен жетіп, бала-шағаның қызғын, елге сіңірген еңбектің жемісін көре беріңіз. Қаламыңыз қолыңыздан түспесін. Досқа адалдығыңыз, елге деген ықыласыңыз, азаматтық болмысыңыз әрдайым өзіңізге серік болып, ақырын жүріп анық басқан ғұмыр жолыңыз сәтімнен жалғаса берсін!

Өмір КӘРІПҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері,
Шет ауданының Құрметті азаматы

• БАЙҚАУ

Ортадан озған отбасылар

Абай аудандық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен осындағы Мәдениет үйінде өткен «Жыл отбасы – 2026» байқауы ондаған жылдар өзара түсіністік пен сыйластықта бақытты өмір сүріп келе жатқан абайлық отбасылардың өнегелі дәстүрлері мен құндылықтарын тағы да паш етті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде «Отбасы институты еңбекқорлық, білімпаздық, тілектестік сынды «Адал азаматқа» тән қасиеттерді қоғамда дәріптеу арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады» деп атап өткендей, елімізде соңғы жылдары осындай тәлім-тәрбиелік шаралар өткізу дәстүрге айналған.

Бұл жолғы аудандық байқауға қатысқан 12 отбасының алтауы ақтық сында бақ сынасып, оларға аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытжан Көрпешова бастаған қазылар алқасы төрелік етті.

Атап айтқанда, бәсекеге түскен Қабі мен Көксеген отбасылары Сәрепті ауылынан болса, Сейфулғазиндер Топар кентінен, Чуваштар Юбилейное, Әбілхайырлар Есенгелді ауылдарынан келіп, Туғамбаевтар Абай қаласынан бәйгеге қосылған екен.

Бұл күнгі отбасылар бәсекесі 5 кезеңнен тұрып, оған қатысушылардың еңбегі мен өнері 10



балға дейінгі ұпай санымен бағаланып отырды.

Сонымен, бірінші кезеңде әр отбасы өзін бейнеролик, фотослайд немесе музыкалық форматта таныстырса, екінші кезеңде зияткерлік сайысқа түсіп, берілген мақал-мәтелді жалғастырып, жекелеген сұрақтарға жауап береді. Ал, үшінші кезеңде олар ұйымдастырушылар дайындаған отбасылық ән орындау, ұлттық салт-дәстүрлер үлгілерін көрсету сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындап, келесі төртінші кезеңде өз бойларындағы дарын,

қабілеттерін танытып, соңғы кезеңде отбасы иелері – ерлі-зайыптылар жастармен отбасын сақтау, өзара түсіністік пен шаңырақ берекесі туралы өмірлік тәжірибелерімен бөлісулері тиіс.

Міне, осы сынақтар кезінде оған қатысқан 6 отбасының мүшелері де белсенді әрекет етіп, бар күші мен өнерлерін жұмсады.

Нәтижесінде өте тартысты өткен аудандық отбасылар байқауының жеңімпаздары анықталып, I орын алған Сейфулғазиндер отбасына диплом мен 200 мың теңгенің ақша сертификаты табысталса, II

орын иегері Туғамбаевтар да диплом мен 100 мың теңгенің ақша сертификатын алып, III орынның дипломы мен 50 мың теңгелік ақша сертификаты Чуваштар отбасының еншісіне тиді.

Қорытындысында қазылар алқасының шешімімен «Мерейлі отбасы» байқауының облыстық кезеңіне Абай ауданынан Сейфулғазиндер мен Чуваштар отбасылары барып қатысатын болды.

Абай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР ӨРІСІ

Шабытыма шабыт қосқан оркестр

1930-жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңінде ҚарЛАГ-қа ғылым мен мәдениеттің талай жарық жұлдыздары, көрнекті өкілдері жер аударылады. Кейіннен олар осы өңірде қалып, отбасын құрды, Қарағанды топырағына тамыр жайды.

Бүгінде бұл көпэтносты қаланың өзіндік бай мәдени инфрақұрылымы бар. Атап айтсақ, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік бір ғана өңірдің емес, тұтас елдің мәдениетіне олжа салып келеді.

Осы концерттік бірлестіктің құрамында Еркегали Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестр, джаз оркестрі, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі және Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрі бастаған өзге де шығармашылық ұжымдар жемісті еңбек етуде.

Тыңдармандардың ең сүйікті ұжымының бірі – есімі елге де, шетелге де кеңінен танымал Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі. Іргетасы 1988 жылы қаланған бұл ұжымның алғашқы дирижері Дүйсен Үкібай болды. Ал, КСРО халық әртісі Шамғол Қажығалиевтің тұсында оркестр жоғары академиялық мәртебеге ие болды. Содан бері ұжым шығармашылық өрлеу үстінде, ұлттық музыканың туын жықпай, халықты тәнті етіп келеді.

Маған 2025 жылы өзімнің

шығармашылық мерейтойлық концертінде осы қарашаңырақпен бірге өткізу бақыты бұйырды. Кемеріне келген кеште менің авторлық туындыларым, соның ішінде, оркестрдің бас дирижері Ерлан Бақтыгерейдің жетекшілігімен «Таңғажайып Айсұлу» атты жаңа аспаптық сюита орындалды. Дирижер өнер ұжымының ерекшелігін айтып берді.

– Біздің оркестрдің дыбыстық икемділігімен және ерекше жұмсақтылығымен ерекшеленеді. Бұл-әртистердің кәсіби шеберлігі мен аспаптардың сапасының арқасы. Байқаған болсаңыз, біздегі қобыздардың шанағы жарғылай теріден жасалған. Бұл дыбысты мейлінше жұмсартып, оған терендік береді, тыңдаушының бойын бастан-аяқ балқытып, жүрекке бойлатады. Қобыз – жанның дауысы. Оның үні өте қанық, барқыттай қоныр, әрі тартымды. Музыка орындау барысында аспаптардың әр тобы бірін-бірі толықтырып, әуенге өзгеше бір қуат береді. Музыканттар әлдеқашан бір-бірін үнсіз ұғатын дәрежеге жеткен. Шығармаларды асқан үйлесімділікпен орындайды, – деді Ерлан Бақтыгерей.

Екі жылдан кейін Қарағанды оркестрінің құрылғанына 40 жыл толады. Осы уақыт ішінде ұжымның тарихы байып, гастрольдік географиясы да кеңейіп түсті. Оркестр әлемнің жартысынан аралап, 40-тан астам елде болды. Олардың ішінде Ресей, АҚШ, Италия, Испания, Франция, Швеция, Түркия, Ирак және Иран мемлекеттері бар.

Людмила МЕЛЬНИКОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Сәкен КЕЛДІБАЕВ:

«Басқа өңірдің көшеті климатты жерсінбейді»

Қаланың көркі де, таза ауасы мен экологиялық тұрақтылығы да жасыл желектің жай-күйіне тікелей байланысты. Алайда, бүгінде шаһар көшелерінде көшеттің күтімі көңіл көншіте ме? Бұл бағытта қандай қателіктерді жіберіп жатырмыз? Осы және өзге де өзекті сауал төңірегінде 50 жылға жуық ғұмырын агрономия саласына арнаған, қараторғайлардың тіршілігін 23 жыл бойы зерттеген тәжірибелі агроном Сәкен Келдібаевпен сұхбаттасқан едік. Саланың қыр-сырын жетік білетін сала маманы қала экологиясы жайында кенінен қаузады.



– Шаһарда жыл сайын мыңдаған көшет отырғызылады. Оның біразы жерсінбейді. Не себепті кейбірі тамыр жаймай, қурап қалады? Жалпы, Қарағандының климатына төзімді ағаш көп пе?

– Қазіргі таңда отырғызылған ағаштардың тек 30 пайызы ғана жерсінбейді. Бұл – төмен көрсеткіш. Негізгі себеп – тиісті күтімнің жоқтығы. Уақытында суарылмайды ауруларынан дер кезінде емделмейді. Тағы бір үлкен қателік – басқа қалалардан, өзге климаттық аймақтан көшет әкеліп отырғызу. Ал, олар біздің ауа райына бейімделе алмайды. Қарағандының климатына төзімді, осы өңірге жерсінетін ағаштар атап айтсақ, Қарағай, Қараағаш, Терек, Ақ қайың.

– Тал отырғыздан бөлек, оны күтіп-баптаудың маңызы зор ғой. Көшет егуде және оны суаруда жиі қандай

қателікке ұрынып отырмыз?

– Бізде суару әдісі мүлдем дұрыс емес. Жаңа отырғызылған ағашқа сіңірмей кемінде 50 литр су құйылуы керек. Ал, біз суды бетіне құямыз. Оның көшетке пайдасы жоқ. Оның үстіне, ағашты күн ыстықта суғаруға мүлдем болмайды. Ыстық уақытта жапыраққа су тисе, олар күйіп қалады. Сондай-ақ, құйылған судың 30 пайызы сіңіп үлгермей, бу болып ұшып кетеді. Ағаштардың да өз ауруы бар. Ол адам-

ның тісіне түскен қаңғұрт сияқты. Ағаш та дәл солай. Күтім болмаса, діңі жарылып, қуыс пайда болып, ауруы асқынады. Кейбір жұппалы ауруларды құстар таратады. Ауру ағашты шұқыған құс сау ағашқа барып конганда, түмсығы арқылы инфекция жұқтырады. Сондай-ақ, желдің әсерімен де ауру бір-біріне өтеді. Оның үстіне біздің аймақтың топырағы аса құнарлы емес. Сондықтан, әр ағаш ерекше күтімді қажет етеді. Қазір ағаштар дұрыс суарыл-

мағандықтан зардап шегіп жатыр.

– Қарағандыдағы ағаштардың қазіргі жай-күйін қалай бағалайсыз? Әсіресе қай аудандарда мәселе күрделі?

– Бүгінде Қарағандыда алты ірі саябақта 69 мың ағаш өсіп тұр. Соның ішінде, тек Орталық саябақтың өзінде 48 мың ағаш бар екен. Қазіргі таңда Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан ауданында мәселе жиі туындайды. Себебі, бұл аймақтарда құрылыс жұмыстары өте белсенді жүріп жатыр. Құрылыс алаңдары кеңейген сайын жасыл желекке де нұқсан келуде.

– Бір көшеттің толық қалыптасып, экологияға нақты пайда әкелуі үшін қанша уақыт қажет?

– Ол әкелінген көшеттің жасына байланысты. Егер өте жас көшет отырғызсақ, оның толық қалыптасып, алғашқы жемісін беруі немесе қалаға пайда әкелуі үшін кемінде 4-5 жыл күту қажет. Егер 5-6 жастағы ағаштарды отырғызып, жақсы күтім жасаса, олар бірден нәтиже береді. Қарағандының топырағы қоңыр. Ақмола облысында қара топырақ. Сондықтан, сырттан келген талды өзміздің топыраққа үйрету үшін бап керек.

Дегенмен, қажырлы еңбектің нәтижесі де жоқ емес. Соңғы жылдары қадағалауымыздың арқасында Орталық саябақтың батыс жағында алғаш рет алма бағын аштық. Ағаштар жақсы өсіп, жеміс бере бастады. Өкінішке қарай, бұл жерде де мәдениетсіздік пен салғырттық мәселесі алдымыздан шықты. Біріншіден, бұл жерге көп адам бара бермейтіндіктен, тұрғындар иттерін серуендетуге шығарды. Соның салдарынан иттер таптап, 25

түп алма ағашымызды сындырып кетті. Екінші мәселе – кішкентай балалар. Олардың алманы үзіп жеп, қалтасына салып жегеніне еш қарсылығымыз жоқ. Алайда, олар ағаш бұтағын да қоса жұлып, сындырып кетеді. Бұған да ата-аналар тарапынан бақылау керек.

– Қазіргі көгалдандыру бағдарламалары мен экологиялық акциялардың барысы туралы не айтар едіңіз?

– Бүгінде көгалдандыру мәселесі өте күрделі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге ерекше назар аударып, бірнеше ауқымды акцияларды қолға алды. Тиісті жұмыстар атқарылып та жатыр. Бірақ, кейбірі осы істі аяғына дейін жеткізбейді.

Біздің табиғатсыз күніміз жоқ. Табиғаттың бізге мұнын шағатын тілі де жоқ. Бірақ, біз саналы адам ретінде оның бәрін сезіп, түсінуіміз керек. Ең басты қауіп – мамандардың тапшылығы. Астана, Алматы секілді ірі қалаларда сала қызметкерлерін арнайы оқытып, маман шығарады. Ал, Қарағандыда агроном-көгалдандырушыларды даярлайтын жеке оқыту пәні де, мамандық та жоқ. Әр істің өз маманы болуы шарт. Сонда ғана ісіміз алға басады.

– Қала болашағы үшін шырылдаған жанайқайыңыз бен мазмұнды сұхбатыңызға көп рақмет! Еңбегіңіз жемісті болсын!

Жанерке ӘУЛЕТБЕК,
ҚарУЗУ-дың II курс студенті
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨЗЕКТІ

Болашақ отбасы жылуымен нұрланады

Қазіргі ата-аналар «Баланың киімі бүгін, оқу ақысы төленсе, жауапкершілікті толық орындадым» деп есептейтіні жасырын емес. Баланың қымбат үйірмелерге барып, қымбат гаджет ұстауы оның бақытты екенін білдірмейді. Көптеген отбасында бала мен ата-ана арасында рухани алшақтық қалыптасқан. Бала үйге келгенде одан: «Бүгін қандай баға алдың?» деп қана сұраймыз. Бірақ, «Бүгін көңіл күйің қалай болды?», «Сені ешкім ренжітпеді ме?» деген ең маңызды сұрақты қоймайды екенбіз. Бала үйінде ата-анасынан жылы сезінбеген соң ішкі зарын зиянды әрекеттерге бағыттайды.



Қазіргі таңда біз материалдық тұрғыдан ең қолайлы заманда өмір сүріп жатырмыз. Балалардың қарны тоқ, көйлегі көк. Қолында соңғы үлгідегі ұялы телефон. Бірақ, сырттай бәрі бүгін көрінгенімен, іштей іріп жатқан дүние көп. Бүгінгі қазақ қоғамында балалардың жан дүниесі бұрын-соңды болмаған дағдарыста.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы суицид пен оған әрекет жасау көрсеткіші ТМД көлемінде жоғары шекте. Ең қорқыныштысы – қатарластарынан қысым көру. Мысалы, буллинг пен кибербуллингке ұшырайтын мектеп оқушыларының үлесі 20 пайыздан асады. Бұл дегеніміз, әрбір бесінші бала кезінде немесе әлеуметтік желіде моральдық қысым көріп жүр деген сөз. Бұған қоса, заманауи трендке айналған «Экранға тәуелділік» (цифрлық аутизм) балалардың шыншайы өмірмен байланысын үзіп тастайды. Салдарынан жасөспірімдер арасындағы агрессия, үрей және депрессия деңгейі соңғы бірнеше жылда 35 пайызға өскен.

– Бұрын біздің қоғамда «Психологқа тек жүйкесі ауыратындар барады» деген жансақ түсінік болды. Тіпті, қазірдің өзінде ауылдық жерлерде немесе шағын қалаларда ата-аналар баласының мінезі өзгерсе, оны мамандарға апарудың орнына «еркелік, «өтпелі кезең деп елесіз қалдырады. Немесе «ұят болады» салып, мәселені жасырады. Алайда, бүгінгі таңда балалар психологы сән емес, бала өмірін аман алып қалудың төте жолы. Бала өзінің ішкі қорқынышын, қысым көріп жүргенін ата-анасына айта алмауы мүмкін. Кәсіби психолог баланың сурет салу мәнерінен, мінез-құлқының кілт өзгеруінен-ақ дабыл белгілерін (суицидальды мінез-құлқы, зорлық-зомбылық белгілері) бірден анықтайды. Мамандар қазіргі балалар эмоцияны таныуды және оны дұрыс шығаруды білмейді, – деді психолог, PhD, академик Е.Бокетов атындағы ҚарУЗУ-дың қауымдастырылған профессоры Салтанат Смағұлтегі.

Психолог баланы агрессияны сыртқа агрессиясыз шығаруға, күйзеліске төтеп беруге үйретеді. Ата-ана мен бала арасындағы «алтын көпір». Көп жағдайда мәселе баланың өзінде емес, мәселе отбасындағы атмосферада. Психолог тек баламен емес, ата-анамен де жұмыс істеп, үйдегі киіккінің алдын алу қажет екенін айтады мамандар. Одан бөлек, қоғамда тағы бір күрделі мәселенің бірі – маман тапшылығы.

– Бүгінде аудандық және ауылдық жерде психолог мамандардың саны жеткілікті деп айту қиын. Әсіресе, шалғай ауылдарда білікті психологтарға деген сұраныс жоғары болғанымен, маман тапшылығы әлі де байқалады. Кейбір білім беру ұйымдарында бір психолог жүздеген балаға қызмет көрсетеді. Бірнеше мекемеге қатар жауапты болады. Орта есеппен мектеп психологына жүздеген оқушыдан келеді. Мұндай жүктеме әр баламен жеке әрі сапалы жұмыс жүргізуге белгілі бір деңгейде кедергі келтіруі мүмкін. Психологиялық көмек тек құжат жүргізумен немесе бір реттік әңгімелесумен шектелмеуі тиіс. Әрбір балаға уақыт бөліп, оның эмоционалды жағдайын бақылап, ата-аналармен және педагогтермен бірлескен жұмыс жүргізу қажет. Сапалы психологиялық қолдау көрсету үшін психологтардың санын ғана емес, олардың кәсіби дамуына жағдай жасап, жұмыс жүктемесін оңтайландыру да маңызды. Балалардың психологиялық қауіпсіздігі мен әл-ауқаты қоғамның назарында болғанда ғана бұл бағыттағы жұмыстар тиімді нәтиже береді, – деді Ж.Тәшев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологі Толқын Хажат.

Сонымен қатар, маман ауылдық жерлердегі психолог мамандардың жетіспеушілігін шешу үшін бірнеше бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуі қажет екенін баса айтты. Ең алдымен, жас мамандарды ауылдық жерлерге тарту үшін әлеуметтік қолдау шараларын күшейте қажеттігін жеткізді.

– Ауылдық мектептерде жұмыс істейтін психологтардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуі керек. Олар үшін тұрақты оқыту курстарын, семинарлар мен тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру тиімді болар еді. Қазіргі цифрлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, онлайн-консультациялар, қашықтан психологиялық қолдау көрсету жүйесін дамыту да өзекті. Бұл шалғай елді мекендердегі балалар мен ата-аналардың кәсіби көмекке қолжетімділігін арттырады. Ең бастысы, психолог қызметінің маңыздылығын қоғам деңгейінде түсініп, мамандарға қажетті жағдай жасау қажет, – деді Толқын Хажат.

Баланың жаны – нәзік шыны. Оны бір рет пытынып алсақ, қайта құрау қиын. Баланы материалдық тұрғыдан қамтамасыз етіп қана қоймай, оның психикалық саулығына жауапкершілікпен қарау заман талабы. «Баламның тәрбиесіне өзім де жетемін» деген соқыр сеніммен бүгінгі заманның ақпараттық ағымы мен қысымын жеңу мүмкін емес. Егер, баланың болашағы жарқын, рухы мықты болсын десеңіз, оның жанында кәсіби психологтың болуын «ұят» көрмеңіз. Өйткені, уақытында айтылмаған сөз, дер кезінде көрсетілмеген көмек, ертен орны толмас өкінішке айналуы мүмкін.

Камила ЖЕКСЕНБИНА,
ҚарУЗУ-дың II курс студенті
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ХАБАРЛАМА

«Алайғыр» БК» ЖШС Қарағанды облысындағы Самомбет кен орнының полиметалл кендеріне бағалау жұмыстарын жүргізу кезіндегі ықтимал әсерлер туралы есеп үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Әсер ететін аумақ: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңатоған ауылдық округі.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°1'0.36"С, 74°50'56.50"Ш.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 22 шілдеде сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңатоған ауылдық округі, Жаңатоған ауылы, Жаңатоған ауылының Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CjQlL7z9DzLiBoeM9onUHFFbXGQsQ0.1>

Конференция идентификация коды: 234 938 7375. Кіру коды: 1ed70s.

Тапсырыс берушінің деректері:

мелері: Қарағанды к., Қазыбек би атындағы аудан, Әлиханов к-сі, 14 б ғимарат, 3 қабат, №30 кеңсе. БСН: 111040013165. Бас директор: Ордабаев К. А., телефон: 8702 999 1205, E-mail: tatyana.shvetsova@alaigyrtks

Әзірлеушінің деректемелері: «Eco-Logic» ЖК, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды к., Жамбыл к-сі, 1, 21. Байланыс тел: 8(701)244931

Қоғамдық тыңдау материалдарымен айналу сайтта танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru>

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты +7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар БЭК-те қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефоны: 87212568166.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «Алайғыр» сообщат о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для Отчет о возможных воздействиях при проведении оценочных работ на полиметаллические руды месторождения Самомбет в Карагандинской области.

Территория, на которую оказывается воздействие: Карагандинская область, Каркаралинский район, Жаңатоған ауылдық округ.

Географические координаты территории воздействия: 49°1'0.36"С, 74°50'56.50"В.

Общественные слушания состоятся: 22 июля 2026 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Жаңатоған ауылдық округ, с. Жаңатоған, дом культуры с. Жаңатоған.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CjQlL7z9DzLiBoeM9onUHFFbXGQsQ0.1>

Идентификатор конференции: 234 938 7375. Код доступа: 1ed70s.

Реквизиты заказчика: г. Ка-

раганда, район имени Казыбек би, ул.Алиханова, строение 14 Б, 3 этаж, офис №30. БИН: 111040013165. Генеральный директор: Ордабаев К.А., телефон: 8702 999 1205, E-mail: tatyana.shvetsova@alaigyrtks.kz.

Реквизиты разработчика: ИП «Eco-Logic», Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Жамбыла 1, 21. Контакты: тел: 8(701)2449310.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. +7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефон: 87212568166.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс төртбімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Футболдың жаңа дәуірі

11 маусымнан 12-сіне қараған түні Мехико қаласы футбол әлемінің назарын өзіне аударды. Мұнда төрт жылдықтың басты спорттық мерекесі, яғни, футболдан әлем чемпионатының ресми ашылу рәсімі өтті. Биылғы біріншілік тарихта тұңғыш рет үш мемлекетте қатар ұйымдастырылып, ауқымы мен қаржылық көлемі жөнінен бұрын-соңды болмаған ең ірі әрі ең қымбат әлем чемпионаты ретінде бағаланды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы әлем чемпионаты өзінің ауқымдылығымен, билет сатуының жанар-тылған жүйесімен және жанкүйерлер мен қабылдаушы қалаларға түсетін шығын көлемінің айтарлықтай жоғары болуымен ерекшеленіп отыр. Осы себепті мамандар турнирді тарихтағы ең қымбат әлем біріншілігі ретінде бағалауда. Сондай-ақ, биыл қатысушы командалар саны бұрынғы 32 құрамадан 48-ге дейін көбейіп, әлем чемпионаттары тарихындағы жаңа рекорд орнатты.

Ұйымдастырушылар Латын Америкасының бай мәдени мұрасын заманауи технологиялардың мүмкіндіктерімен шебер үйлестіріп, көрермендерге әсерлі әрі есте қаларлық шоу тарту етті. Ашылу

салтанаты барысында әлемдік музыка жұлдыздары өнер көрсетіп, турнирдің ресми әні алғаш рет көпшілік назарына ұсынылды. Әсіресе, латынамерикалық әуендер мен көз тартарлық хореографиялық қойылымдар стадионға жиналған жанкүйерлерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Музыкалық бағдарламаның негізгі өзегіне құрлықтың сан қырлы мәдениеті мен футболға деген шексіз сүйіспеншілігі арқау болды. Мехикода өткен айтулы шарадан кейін чемпионаттың мерекелік эстафетасы Торонто мен Лос-Анджелес қалаларында жалғасын тапты.

Халықаралық футбол федерациясының (ФИФА) президенті Джанни Инфантино салтанатты шараның ашылу



салтанатында доп додасының маңызына ерекше тоқталды.

– Турнирдің басты идеясы – бірлік пен ынтымақтығында. Әр ұлттың өзіндік болмысын, мәдени ерекшелігі мен рухани құндылықтарын танытатын орта. Музыка, мәдениет және футболды бір арнаға тоғыстыратын мұндай көріністер әлемнің түпкір-түпкірінен келген миллиондаған жанкүйерді ортақ мақсатқа ұйыстырады. Бұл – шын мәніндегі жаһандық мерекенің шымылдығын түретін ең әсерлі әрі қуатты тәсіл, – деді ол.

Ашылу салтанаты аяқталғаннан кейін Мехикодағы стадионда әлем чемпионатының алғашқы матч өтті. Турнир шымылдығын Мексика мен Оңтүстік Африка құрамасы түрді. Өз алаңында өнер көрсеткен мексикалықтар жанкүйерлерінің сенімін ақтап, қарсыласын 2:0 есебімен тізе бүктірді. Кездесудің 9-минутында шабуылшы Хулиан Киньонес есеп ашып, осы әлем чемпионатындағы алғашқы голдың авторы атанды. Ал, екінші таймда Рауль Хименес мергендік танытып, командасының басымдығын нығайта түсті.

«А» тобындағы екінші ойында Оңтүстік Корея мен Чехия құрамалары өзара күш сынасты. Тартысты өткен кездесуде азиялық ұжым 2:1 есебімен жеңіске жетіп, турнирдегі алғашқы үш ұпайын еншіледі.

Сурет fifa.com

• БӘРЕКЕЛДІ!

Бас жүлде – Мархабатта

Алматыда XXVIII халықаралық **Boztorgai – 2026** байқауы өткен. Оған алыс-жақын шетелден 700-ден астам әнші қатысып, кіл мықтыны анықтады. Осы байқауға жерлесіміз, Қазтұтынуоағы Қарағанды университетінің студенті әрі Кеншілер мәдениет сарайы жанындағы «Шабьт» вокалдық студиясының тәрбиеленушісі Мархабат Мұрадәлі бақ сынап, байқаудың бас жүлдесін жеңіп алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған байқауға жас өнерпаздар вокал, хореография, аспаптық өнер және басқа да шығармашылық бағыт бойынша сыңға түскен. Қатысушылардың өнерін белгілі композиторлар, продюсерлер, пе-

дагогтер мен мәдениет қайраткерлерінен құралған халықаралық қазылар алқасы бағалады. Жерлесіміз бұл байқауда Талғат Манастың «Сендім деме» және Джо Кокердің «My Father's Son» шығармасын орындаған.

– Бұл мен үшін үлкен тәжірибе әрі халықаралық сахнада өнер көрсетуге берілген мүмкіндік. Байқауға бірнеше ай бойы

дайындалдым. Вокалдық мүмкіндігімді барынша ашуға тырыстым. Ең қиыны толқуды жеңіп, сахнада өз-өзіңе сенімді болу. Қазақстанның намысын лайықты деңгейде қорғай алғанымға қуаныштымын. Бәсекелестік өте жоғары. Сондықтан, бұл жеңістің маңызы мен үшін ерекше, – дейді Мархабат Мұрадәлі.

Қазіргі уақытта Мархабат «Шабьт» студиясында вокалдық шеберлігін жетілдіріп, жаңа репертуар дайындауда. Әнші алдағы уақытта басқа да шығармашылық байқауларға дайындығын бастап кетті.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• СУ СПОРТЫ

Ескекшілер ерледі

Түркістанда жастар мен жасөспірімдер арасындағы байдарка мен каноэде есуден Азия чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға 17 елден 350-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Ел атынан сыңға түскен ұлттық құрама спортшылары турнир қорытындысы бойынша 40-тан астам медаль еншілеп, үздіктердің қатарынан көрінді. Ал, құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар жеті алтын, екі күміс және төрт қола медаль жеңіп, жоғары нәтиже тіркеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байдаркамен жүзуден жекеley сында өнер көрсеткен жерлесіміз Дмитрий Холмогоров үш алтын медальді жеңіп алды. Атап айтсақ, спортшы жекелей сында 500 және 1000 метр қашықтықта өнер көрсетіп, қарсылас шак келтірмеді. Екілік байдаркамен жүзуден де 500 метр қашықтықта сыңға түсіп, мәре сызығын бірінші болып кесті. Бұдан бөлек, Дмитрий аралас экипаж құрамында да бақ сынап, күміс медальға ие болды. Және дәл осы санатта

1000 метр қашықтықта қола жүлдеге қол жеткізді. Жарыс қорытындысы бойынша жерлесіміз кыркүйекте Тяньцзиньда өтетін Азия ойындарына қатысатын ұлттық құрама сапына қосылды.

Одан бөлек, тағы бір жерлесіміз Вероника Трапезникова да үш дүркін Азия чемпионы атанды. Ол екілік байдаркамен жүзуден 200 және 500 метр қашықтықта сыңға түсіп, қос алтынға қол жеткізді. Сондай-ақ, төрттік байдарка сайысында да команда сапында өнер көрсетіп, алтын медаль еншіледі. Облыс қоржынына тағы бір алтын салған спортшының бірі – Алек-



сей Ширман. Жерлесіміз К-4 экипажында құрама сапында бағын сынап, 500 метр қашықтықта үздік атанды.

Каноэшілер арасындағы сында «С-4» санатында 500 м қашықтықта сыңға түскен Мария Карманова ел қоржынына күміс

салды. Ульяна Иванова «С-2 микс» санатында 500 м және «С-4» санатында 500 м қашықтықта екі қола медаль еншіледі. 1000 метр қашықтықта екілік байдаркада сыңға түскен Денис Кленни Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды.

– Бұл жетістік – ұзақ әрі тыңғылықты дайындықтың жемісі. Біздің спортшылар, әдетте, жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Чемпионаттағы бәсекелестік өте жоғары. Дегенмен, спортшыларымыз өз деңгейін дәлелдеп, халықаралық аренада ең жоғары орындар үшін күресе алатынын көрсетті. Түркістандағы жаңа есу арнасы халықаралық стандарттарға толық сәйкес. Жоғары деңгейдегі оқу-жаттығу жиындары мен беделді жарыстарды сапалы өткізуге мүмкіндік береді, – деді Қарағанды облысының байдарка мен каноэде есу бойынша аға жаттықтырушысы Владимир Петров.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• МАНАРБЕК ЕРЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

Рух үнін асқақтатқан дарабоз

Биыл қазақ өнерінің көрнекті өкілі, Қазақ КСР Халық әртісі Манарбек Ержановтың туғанына 125 жыл толып өтпесті. Ұлттық мәдениетіміздің тарихында ошпес із қалдырған өнер иесінің есімі халқымыздың әншілік, күйшілік және театр өнерімен тығыз байланысты. Оның шығармашылығы қазақ руханиятының алтын қорынан орын алып, бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ.



XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ өнері жаңа белеске көтерілген кезеңде Манарбек Ержанов та ел мәдениетінің дамуына белсене араласты. Ол әнші ғана емес, күйші, композитор әрі актер ретінде де танылды. Өзінің ерекше дауысымен халық әндерін жаңа деңгейде орындап, ұлттық өнердің кеңінен насихатталуына еңбек сіңірді. 1938 жылы оған Қазақ КСР Халық әртісі атағы берілді. Бұл – оның өнер жолындағы еңбегіне берілген жоғары баға еді.

Манарбек Ержановтың шығармашылығында ол орындаған күйлердің орны ерекше. Солардың бірі – «Шалқыма» күйі. Бұл шығарма қазақ күй өнерінің нәзік те сырлы үлгілерінің бірі саналады. Күйді тыңдаған жан кең дала төсіндегі еркіндікті, табиғаттың әсем көрінісін, халық рухының асқақтығын сезінеді. Шығармада бірде толқындай шалқыған қуаныш, бірде терең толғаныс байқалады. Домбыра шегінен төгілген әуен тыңдарманды қазақтың бай музыкалық әлеміне жетелейді.

«Шалқыма» күйі – Манарбек Ержановтың туған өлкесіне деген сүйіспеншілігінен туған туынды. Өнер иесі бұл күй арқылы Қарағанды мен Балқаш өңірінің қанат жайып, гүлденіп келе жатқан келбетін күй тілімен сөйлеткен. Сондықтан да, «Шалқыма» күйі туған жердің мерейін асырған, ел дамуын домбыра пернесінде сөйлеткен шығармалардың бірі ретінде бағаланады.

Өнер иесінің халық арасында кең тараған шығармаларының бірі – «Шегенің термесі» ариясы. «Шегенің термесі» – халқымыздың рухани құндылықтарын насихаттайтын маңызды шығарма. Шығарма «Қыз Жібек» операсындағы Шеге кейіпкерімен байланысты дүниеге келген. Терменің мазмұнында қазақ халқының өмірге деген көзқарасы, тапқырлығымен шешендік дәстүрі көрініс табады. Манарбек Ер-

жанов бұл шығарманы үлкен сахналарда орындап, оның халық арасына кең таралуына жол ашты. Бүгінде «Шегенің термесі» концерттік бағдарламаларда, дәстүрлі ән кештерінде орындалып келеді. Сонымен қатар, Арқа өңірінде бұл туындының әуені беташар рәсімдерінде жиі пайдаланып келеді, халқымыздың салт-дәстүрімен біте қайнасан рухани мұраға айналған.

Манарбек Ержановтың композиторлық қырын сөз еткенде «Сайра бұлбұл» өніне арнайы тоқталмау мүмкін емес. Бұл туынды қазақ музыка өнерінің інжу-маржандарының бірі саналады. Өннің әуенінен нәзік сезім, сұлулыққа деген інкәрлік пен өмірге деген сүйіспеншілік байқалады. Өннің сөзін белгілі ақын Тайыр Жароков жазған. Бұл шығарма 1936 жылы қазақтың бұлбұл үнді әншісі Құлшай Байсейітованың өнердегі зор табысына орай туған. Өннің нәзік әуені мен сыршыл сазы Құлшайтың бұлбұлдай әсем дауысын бейнелеп, қазақ музыка өнерінің алтын қорына енді. Бүгінде бұл шығарма ұлттық классика ретінде бағаланып келеді.

«Сайра бұлбұл» өнін қазір Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі ән өнерінің дүлдiлi Дәуренбек Әрқенов орындап жүр. Сонымен қатар, Дәуренбек Әрқенов концерттер мен шығармашылық кештерде Арқа ән дәстүрін кеңінен дәріптеп, Манарбек Ержановтың мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуге үлес қосып келеді. Осылайша, ұлы өнерпаздың мұрасы уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа буын орындаушылар арқылы халықпен қайта қауышып келеді.

Айдана ДҮРНАЗАРОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет әнші Дәуренбек Әрқеновтың мұрағатынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК КСЗБВКЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 108
№62 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ